

БАҒА

ОҚУШЫ БЮДЖЕТІ – 2022

ҰЛДЫҢ КИІМІ

Мектеп формасы
20000-25000 тг

Ақ жейде
10000-15000 тг

Аяқ киім
15000-17000 тг

Спорт киімі
25000-30000 тг

Спорттық аяқ киім
12000 тг

Рюкзак
8000 тг

ҚЫЗДЫҢ КИІМІ

Мектеп формасы
25000-30000 тг

Ақ жейде
12000-15000 тг

Аяқ киім
15000-17000 тг

Спорт киімі
25000-30000 тг

Спорттық аяқ киім
12000 тг

Рюкзак
8000-10000 тг

ЗҰЛМАТ

ТАРИХ ТҰҢҒИЫҒЫ, ТАҒДЫР ТӨЛКЕГІ ЖӘНЕ «ТАЙТҰЯҚ» АЛТЫН (ӘССЕ)

Кенес заманында, XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін қазақ халқының тарихындағы ең қасіретті кезең саналады. Дәл осы аралықта 100 мыңнан астам азаматымыз жазықсыз жапа шегіп, оның 20 мыңы атылып кетті. Оларды ақтау — бүгінгі заман міндеті.

Елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау Тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай қолға алынды. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді.

2020 жылдың 24 қарашасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы Мемлекеттік комиссия құруға бастама болды. Жарлықтың екінші тарауында: «Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау болып табылады» делінген. Бүгінгі күні республикалық комиссияның жұмыс топтарымен бірге өңірлік комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Олардың мүшелері мұрағаттық құжаттарды анықтаумен айналысады. Осындай жұмыстың нәтижесінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының толық деректер базасы қайта жасакталуда. XX ғасырдағы кенес үкіметінің қуғын-сүргін саясатынан зардап шеккен, ақталған және ақталмаған адамдардың тізімі жасалып жатыр. Бұл саяси

қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жапа шеккен адамдарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін керек.

Газетіміздің белсенді авторы, белгілі журналист Талғат Сүйінбайдың жазбасында өткен ғасырдың 30-жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған бір адамның тағдыры баяндалады. Аяқ астынан істі болып, жазықсыз атылып кеткен жандардың әрқайсысы туралы осылайша егжей-тегжейлі жазылуы тиіс. Өйткені, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей, бұл тарихтан тағылым алып, ондай зұлмат ешқашан қайталанбауы үшін керек.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЖҮЗУДЕН ЧЕМПИОН!



Жүзу шебері Әділбек Мусин дүбірлі додада топ жарды. Ол Түркияның Кония қаласында өтіп жатқан Ислам ынтымақтастығы ойындарында алдымен 100 метр қашықтықты 53,20 секундта бағындырып, алтыннан алқа тақты. Жерлесіміз 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзде де алдына жан салмай, осы ойындардың рекордын жаңартты.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Мұғалім – мектептің жүрегі» дейтін тәмсілдің татымы да, салмағы да азаймауы керек. Өйткені ол бөрінен қымбат. Ұстаздың беделін арттыру өрісі бойынша атқарылып жатқан шаруа да бар. Жобалар да, бағдарлама да іске асырылып келеді. Қадірі қаша бастаған педагог мамандығына соңғы жылдары қызығушылық та, сұраныс та артты. Өйткені олардың әлеуметтік-материалдық мүмкіндігі ұлғайды, табан ақы, маңдай терінің өтеуіне бұйыратын айлық еңбекақысының да сомасы артты. Елімізде ұстаздар қауымынан алғаш болып Қазақстанның Еңбек Ері атағы мен «Алтын жұлдызын» алған білікті маман, ділгір басшы, осы күнде зейнет жасына жетсе де, атының тізгінін тартпай, қоғамдық жұмыспен қоса, ағарту саласында еңбек етіп жүрген Аягүл Миразовамен әңгімеміздің өзегі осы мұғалімнің мәртебесі маңайында өрбіді.



Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІН ӨСІРУ ДЕ, ҚҰЛДЫРАТУ ДА ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Jaқ qazaq: Аягүл апай, әлқиссаны бірден педагог мәртебесінен бастасак. Ұстаздардың беделін арттыру бағытындағы бағдарымызға көзқарасыңыз қалай?

Аягүл Миразова: Педагогтардың беделіне қатысты біржақты пікір айту жарамайды. Педагогтардың беделін көтеруге қатысты заң қабылданбас бұрын, бір жыл талқылауға түсті, сүзгіден өтті. Заңның қабылданғанға дейінгі талқылау, саралау, сараптау ісі бірнеше жиындарда сүзгіден өтті. Артығын сылып, кем-кетігін бүтінделді. Алматы, Нұр-Сұлтан қаласында педагогтардың мәртебесіне қатысты заң жобасын талқылау жиындары өткенде өзіміз де қатыстық, пікірімізді айттық, ойымызды қостық. Парламентте халық қалаулылары да әбден илеп пісіп-жетілдірген соң, заң жобасын қабылдады.

Шүкіршілік, бүгінгі күнде мәртебелі мамандық иесі саналатын педагогтардың жалақысы көбейді. Бірақ бұл барлығына бірдей деп айтуға ерте. Білім саласында жиған беделі мен жетістігі, жоғары санаттылығы, шәкірттерінің көрсеткіші бойынша басқалардан биік тұрған мұғалімдердің айлық еңбекақысы еселеңе түсті. Бұл да болса, педагог мәртебесін көтеруге кәдімгідей септесті.

Осы тұста бір «өтпеген-ай» дейтін жәйт бар. Мұны білім министрлігіне де айтып келеміз. Жас кадрларды, жалындап тұрған, кеше ғана жоғары оқу орнын бітіріп, мұғалім мәртебесін алған мамандарды жұмысқа қабылдағанда айлық еңбекақысын көтермелеп қойса. Бұл не үшін? Жаңағы жас маманды ынталандыру, демеу, сүйеу үшін. Ал кейін өзінің жұмысының жетістігінің нәтижесіне, еңбегіне қарай үстемелене береді. Өйткені осы күнде институтты тәмамдаған жас мұғалімнің жалақысы 100 мың теңгеден шамалы ғана асады. Бүгінгідей қымбатшылық қос өкпеден қысып, күннен-күнге азық-түлікті де, киім-кешекті де, мүлкті де қымбаттатып жатқанда, бұл жалақы жас педагогтың жұмысқа деген құлшынысын оята ала ма, әлде сөнуге айнала ма? Нарықтың тайғанақ, сырғақ мінезін түсініп болмайсың. Жас маман әдемі киінгісі келеді. Өйткені оқушы мұғалімді менсінбейтін кезеңде өмір сүріп келеміз. Сондықтан да жалақысын шайлығына жететін деңгейге көтеру қажет деп ойлаймын. Мұғалімнің біз көрсеткіш талап етеміз, нәтиже көрсет дейміз. Ал сол межеге бір күнде жетпейтіні белгілі. Бес, он жылдың уақыты қажет, мұғалім өзі пісіп-жетіліп, өзін дамытып, денгейін көтеріп, жұмысының жетістігін көрсетуі үшін. Ал осындай талапқа сай келуіне оның материалдық, әлеуметтік мәселесі айтарлықтай әсер етеді.

Jaқ qazaq: Мұғалімнің мәртебесін көтеру үшін жағдай керек дейміз, педагогтың деңгейі де, өресі де сол талаппен шендесуі керек қой?

Аягүл Миразова: Әрине, мен 50 жылға жуық мектепте педагог болдым. Соның ширек ғасырын директорлық қызметпен өткердім. Мен мұғалімдерге өздерінің беделін көтеруі де, құлдыратуы да өз қолында екенін айтудан жалыққан емеспін. Институтта оқыған, тоқыған білім бір басқа. Мектепте өзіне тиесілі пәнді тереңдей зерттеп, зерделеп, тамырына бойлау бір басқа.

(Жалғасы 3-бетте)

БИЛІК

Еліміздегі ядролық медицина орталығында әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер томографиясы бар. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қоюда мүлт кетпейді. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін арттырады. Мамандардың айтуынша, қазіргі уақытта бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

Осы аптада Мемлекет басшысы Қазақстан Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасына барып, оның жаңа нысандары — Ядролық медицина орталығы мен емдік-диагностикалық блокпен танысты.

Президентке алдымен қыркүйек айында ашылатын Ядролық медицина орталығының диагностика блогы таныстырылды. Ядролық медицина орталығының іске қосылған кезде диагнозын қою қиын катерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды. Заманауи жабдыктармен қамтамасыз етілген жаңа орталықтың қызметі — емделуге жолдама берілген әрбір қазақстандыққа ортақ.

Орталық қызметкерлері циклотронды-өндірістік кешен мен диагностикалық блоктан тұратын бірегей Ядролық медицина орталығының басқа да мүмкіндіктері туралы баяндады. Циклотронды кешен арқылы 9 радиофармпрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген.

Мемлекет басшысы жаңа емдеу-диагностикалық блокты аралап көрді. Бұл жерде күрделі ауруларға шалдыққан науқастарды емдеу мен оналтудың тәсілдері арқылы 7 терапиялық бөлімше жұмыс істейді.

ПРЕЗИДЕНТ ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Президент дәрігерлермен және ғалымдармен пікірлесіп, Ядролық медицина орталығының қызметі бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға болатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметі азаматтардың денсаулығын

жақсартуға және қазақстандықтар үшін заманауи медициналық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға қызмет ететініне сенетінін жеткізді.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

ЖИЫН

«Экономиканың өсу динамикасын сақтап тұру үшін экономиканы одан әрі әртараптандыру, инвестициялық жобаларды іске асыру және жұмыс орындарын құруды күшейтіп, жалғастыру қажет». Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында осылай деп атап көрсетті.

экспорт бойынша көрсеткіш 56,3 пайызға (42,2 млрд доллар), ал өңделген тауарлар экспорты — 33,5 пайызға (12 млрд доллар) артты.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетовтың айтуынша, шілдеде жылдық инфляция 15 пайызды құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы — 19,7 пайызға, азық-түлік емес тауарлар — 14,2 пайызға, ақылы қызметтер — 9,2 пайызға өсті. Шілдеде бір айлық инфляция 1,1 пайыз болды.

Баяндамашыларды тыңдаған Премьер-Министр экономиканың өсуіне негізінен нақты сектор үлес қосып отырғанын атап өтті.

Үкімет басшысы есепті кезеңде Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында барлық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасқанын айтты. Жауапты мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтуі керек.

ИНФЛЯЦИЯНЫ ТЕЖЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР БАР



Бұл аптадағы Үкімет отырысында еліміздің биылғы 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды. Жиында баяндама жасаған ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров 2022 жылғы қаңтар-шілдеде жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өсімі 3,3 пайызды құрағанын айтты. Биыл құрылыс (+8,6%), байланыс (+6,5%), сауда (+6,2%), көлік және қоймалау (+5,6%), өңдеу өнеркәсібі (+4,9%), ауыл шаруашылығы (+2,1%) және т.б. салалар оң өсім көрсетті.

Биылғы жылғы қаңтар-маусымда сыртқы сауда тауар айналымы 39,4 пайызға көбейіп, 63,7 млрд долларды құрады. Оның ішінде

Премьер-Министрдің орынбасары-қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың мәліметінше, есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 8 трлн 463 млрд теңге сомасында кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) түсті. Республикалық бюджетке түскен кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) 5,6 трлн теңге шамасында (жоспар 101,3 пайызға орындалды) болды. Ал жергілікті бюджеттердің кірісі 2 трлн 864 млрд теңгені (113,3 пайызға атқарылды) құрады. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 98,7 пайызға, республикалық бюджеттің шығыстары — 99,6 пайызға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98 пайызға атқарылды.

тиімді пайдалануы тиіс екенін айтты.

«Тағы да назар аударатын жағдай — өңірлердегі делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссиялардың жұмысын жандандырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға үстемесінің 15 пайыз мөлшерінде болуына және ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу үшін келісімшарттардың уақытылы жасалуына бақылауды күшейту керек», — деп түйінделі Премьер-Министр.

Сондай-ақ ол ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша тапсырма берді.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПKE ДАЙЫН БА?

Жаңа оқу жылының басталуына да аз уақыт қалды. Әдеттегідей, тамыз айы киім-кешек пен оқу құралдарын алумен өтіп кетеді.

Біз мектеп формасын сататын ірі сауда орындары мен киім-кешек сататын базарларды аралап көрдік. Обалы не керек, мектеп формасының түр-түрі тізіліп-ақ тұр. Былтырғымен салыстырғанда, баға едәуір өскен. Оқу құралдарының да бағасы шарықтап тұр. Бір оқушыны бастан-аяқ киіндіру үшін 100 мың теңгеден де көп ақша жұмсауға тура келеді. Оған сөмке, дәптер, қалам сияқты асай-мүсейді қосыңыз. Оған шамамен 30–40 мың теңге жұмсалалы десек, бір баланы мектепке дайындауға 130–140 мың теңге кетеді. Биыл азық-түлік бағасы ерекше шарықтаған кезде ата-ананың қалтасына кәдімгідей салмақ түсетіні айтпаса да түсінікті.

Сонымен ер балаларға арналған мектеп кәстөмі — 20000-25000 теңге, қыздарға бөліктен тұратын форма (кәстөм+юбка, шалбар) — 25000-35000 теңге, ақ жейде — 10000-15000 теңге, аяқ киім бағасы сапасына қарай 15000 теңгеден басталса, спорттық киім-25000-30000 теңге аралығында. Бұл — қаладағы ірі сауда орталықтарындағы бренд киімдердің бағасы. Ал базардағы баға 5000-7000 теңгеге арзан.

«Бізде бағалар киім сапасына қарай қымбатырақ. Түркия мен Бейжіңнен әкелінген фирмалық тауарлар. Бір тұтынушы баласына 150 000-200000 теңге көлемінде қаржы жұмсауы мүмкін. Сапаға сенім артып келетіндер бар. Отандық өндірушілердің өніміне де сұраныс жоғары. Бірақ олардың бағасы бізден де қымбат», — дейді сауда орталығының сатушысы Алина Әлімбаева.

Алматыдағы «Барахолка» аталып кеткен базарда да адам қарасы көп. Саудагерлер сөрелерін мектепке қажетті киім-кешекпен, оқу-құралдарымен жайнатып қойыпты. Өзін Әлия деп таныстырған келіншек: «Өткен айда ғана 10 бет жазу дәптерін 15 теңгеден алғанмын. Ал бүгін сол дәптер 40 теңгеден сатылып жатыр. Мектеп формасын 20 000 теңгеге алдым. Оған кәстөм мен шалбар ғана кіреді. Әлі жейдесі, аяқ киімі мен сөмкесі, спорттық киімі мен керек-жарақтары тағы бар. Биыл мектеп жасында бір ғана балам қалды. Қайта алдыңғылары баға имантаразы кезде оқып алды. Жүз мың теңгеге шамалап келіп едім, мұндағы бағаларды көріп, есім шығып тұр», — деп қынықылды.

Алматы тұрғыны Сәуле Абайқызы да шарасыз. «Мен төрт баланың анасымын. Үшеуі мектепте оқиды. Бәрін бірдей мектепке жабдыктай алмаймын. Ортаншы қызым үлкен әпкесінің формасын киеді. Ал кіші ұлым биыл мектепке алғаш рет баратындықтан оған бәрін жаңадан алуымыз керек. Тамыз айы біздің отбасы үшін қарбалас. Қайта біраз керек-жарақтарын бір ай бұрын алып қойғаным дұрыс болыпты. Бүгін бағаларға қарасам, біршама өскен. Әсіресе, аяқ киімнің бағасы удай. Бірінші сыныпқа арналған спорттық аяқ киімді 18000 теңгеге алдым. Бұрын бұл бағаға екі аяқ киім келуші еді», — дейді.

Қалай болғанда да, баланы мектепке дайындау — ата-ананың міндеті.

Сонғы ақшасын жұмсаса да баланың көңілін тауып, бәйек болатыны да сондықтан. Бірақ биыл бағаның аспандап тұрғаны-ай!

Макпал НОҒАЙБАЕВА

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ШИБУТОВ,
Саясаттанушы:



«Меніңше, мектеп формасы онша керек емес. Бұл біздің жеңіл өнеркәсіпті жұмыспен қамтудың тәсілі ғана. Міндетті мектеп формасы балалар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті жоймайды. Өйткені қазір кімнің табысы қандай екенін байқау қиын емес. Мәселен, баланы қандай мәшһмен мектепке алып келеді, қай жерде тұрады, қандай смартфон ұстайды — бәрі көзге көрініп тұрады».



Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Жоғары сыныптар үшін мұғалім 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі өзінің пәніне қатысты барлық материалды етінен өткізіп, сүйегіне дейін сіңірмейінше, баланың психологиясын түйсініп, сезініп, кімге қандай жай керегін ұғынбайынша, біліктілігі артпайды.

Тағы да айналып жалақы мәселесіне тоқталмасқа болмайды. Мұғалімнің жалақысы төмен болған соң қайтеді? Басқа жақтан да табыс көзін іздейді. Әсіресе, қалалық жерлерде. Оқу орталықтарынан, болмаса басқа да мектептерден қосымша сағат алып жұмыс істеуге ұмтылады. Қазақ «екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» дегенді тегін айтпаған. Білімі қаншалықты жоғары болғанымен де тиын-тебен табуға ұмтылған соң жүйесіздік орнайды, жұмысының нәтижесі құлдырайды. Қосымша жұмыс істеген адамның негізгі шаруасына деген көңілі алаң тұрады. Мұның барлығы да әлеуметтік жағы.

Мұғалімнің беделі өзінің қолында. Ол білімді, білікті ғана емес, сол өзіндегі бар



Аягүл МИРАЗОВА, Қазақстанның Еңбек Ері:

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІН ӨСІРУ ДЕ, ҚҰЛДЫРАТУ ДА ӨЗ ҚОЛЫҢДА

білімді шәкіртінің зердесіне құя білу керек. Өмірге деген, білім беруге деген көзқарасы өзгеше болуы шарт. Мұғалім мектептің ауласынан енгенде тек алдындағы шәкіртті, соларға тоқытатын білімді ғана ойлауы қажет. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, «Тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын» алдындағы шәкірттерінің әрқайсынан ертенгі елдің тұтқасын ұстар тұлғалар дайындай алатын қасиет қону керек педагогтың зердесіне. Сонда ғана оның ісі өнімді болады. Бойындағы білімін оқушының зердесіне құйып, зейініне токи алатын, ата-анамен де, шәкіртімен де тіл табысатын мұғалімді сыйламайтын жан болмайды. Міне, педагогтың беделі деген осы. Бәріміз де ұстаздың алдын көрдік, мұғалімнің шәкірті атандық. Балалық шағыңды, мектептегі албырт кезеңді есіне түсіріп, ой елегінен өткізгенде жанына ыстық болған ұстаздардың есімін ұмытпайсың, үнемі жадында жаңғырып тұрады. Осының барлығы да педагогтың беделінен. Қай халықтың айтқанын есіме түсіре алмай отырмын, «Мұғалімнің жүрегі жылы болса, ол барлық адамды жақсы көреді. Ал тілі жылы болса, барлық адам оны жақсы

барлық білім ошағын салыстыра алмайсыз. Зияткерлік мектепке мемлекеттік қазынадан бөлінетін қаржы телегей-теңіз. Басқа мектептерге бұлай емес. Зияткерлік мектептің болғаны дұрыс-ақ, бірақ барлық мектепті сонымен салыстыру қисынсыз.

Jaқ qazaq: Мектептің жайын айтып отырсыз. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген Әл Фарабидің қанатты сөзін қантар қырғынында көргендей болдық.

Аягүл Миразова: Рас, біз тәрбие мәселесін ақсатып алдық, оны мойындамасқа амал нешік. Қантар оқиғасында соны көрдік. Сол жастар аспаннан жауды ма, жерден шықты ма? Қай ата-ана баласын қоғамды бүлдірсін деп туады, өсіреді? Бұл – қоғамның айыбы, бәріміздің кінәміз. Біз тәрбие мен білімнің тізгінін тең ұстауымыз керек. Жас ұрпақты ұлттық болмысымызға бойлатып, ұлттық тәрбиемізбен өсіру міндет. Адамгершілік, білімге ұмтылыс, тәрбие



көргендік, көрегендікке қатысты мысал іздесеніз, ұлттық менталитетімізден табамыз. Біз дана халық болдық, әлі де солай. Бірақ өзімізді өзіміз бағаламаймыз. Сондықтан шетелге еліктеп реформа жасай берумен білім саласын да, тәрбиені де жақсарту аламыз деу – қисынға қайшы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласын жаңғырту, нәтижесін жақсарту, оқулық сапасын арттыру жөнінде оқу-ағарту министрлігіне үлкен міндеттеме жүктеді. Оқулықтарымызды болмысымызға қарай бейімдеу жөнінде тапсырма берілді. «Әліппеміз» қайта оралды, «Сауат ашу» дегенді енгізіп, неше жылдан бергі серігіміз қайта ортамызға оралғанына қуандық. Оқулықтарды жаңартып, жаңғырту, бағдарламаны өзгертуге қатысты үлкен топ жұмыс істегенінен хабардармын. Ағарту саласындағы ғалымдар, ұстаздар бір мүддеге тоғысып, тәрбиенің қандай болатынын, білімнің тұңғызына бойлаған білікті мамандар тізе қосып жұмыс істеді. Соңғы кездері сол жұмыс тоқырап, соны сыырқұйымшактанып бара жатқан секілді. Бірақ Президенттің берген тапсырмасы орындалады деген сенімдемін.

Реформа деп, үштілділік деп ұран салдық. Айналайын-ау, балабақшада тілі енді шыққан балаға үш тілде оқыту дегенді қалай түсінеміз? Әлемнің ешбір елінде жоқ сұмдықты ұрпағымыздың сүйегіне сіңіруге ұмтылдық. Ұлттық тамырынан ажырату ғой бұл. Тілді оқып үйренуге, тануға қарсы емеспін, Алайда өзінің уақыты келеді, мезгіл мезеті жетеді. Кім болсын, ең алдымен өзінің ана тілін

білуге міндетті. Тәубе дейік, елдің наразылығы ескеріліп, Президенттің тапсырмасымен биылдан бастап өзгеріс енгізілді, енді 1-сыныпта шет тілі оқылмайды.

Халықаралық, әлемдік пән олимпиадаларынан алтын, күміс алдық деп

”**ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БІЛІМ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ, НӘТИЖЕСІН ЖАҚСARTY, ОҚУЛЫҚ САПАСЫН ARTTYPU ЖӨНІНДЕ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНЕ ҮЛКЕН МІНДЕТТЕМЕ ЖҮКТЕДІ. ОҚУЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ БОЛМЫСЫМЫЗҒА ҚАРАЙ БЕЙІМДЕУ ЖӨНІНДЕ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ. «ӘЛІППЕМІЗ» ҚАЙТА ОРАЛДЫ, «САУАТ АШУ» ДЕГЕНДІ ЕНГІЗІП, НЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРГІ СЕРІГІМІЗ ҚАЙТА ОРТАМЫЗҒА ОРАЛҒАНЫНА ҚУАНДЫҚ.**

бейхабар басшылар да сайланып жатыр. Бұдан кейін білім саласы қалай түзелсін? Ал осы өрісімізді өркендетіп, өртенге біткен құрақтай құлпытұрт түсуге түрлі бағдарламасын, идеясын, бағыт-бағдарын беретін, ұсынатын білікті мамандарымыз бар. Бірақ олардың үнін әлгіндей бітеулер естімейді, тыңдағысы да келмейді. Өйткені олар сыңарезуленіп, тек өз айтқаны болуы шарт деген шөлкем-шалыстығына салып, тонмойын бола қалады. Міне, біздің педагогика саласындағы беделді көтеру, оқу сапасын жақсарту, техникалық-материалдық базаны нығайтудағы

шалаңығымыз осы. Оқу сапасын жақсарту ең әуелі мұғалімнің өресімен өлшенеді. Оқулық орынды жазылып, бағдарлама барлық талапқа сай келгенде ғана қабылданса, біріділікке түсеміз.

Қазір жана оқу жылына әзірлікті пысықтайтын тамыз мәслихаты өтіп жатыр. Жана оқу жылында қандай бағдарламамен оқытады, оқулық жанарды ма? қандай жаңашылдық

енгені тамыз мәслихатында айтылады деп ойламын.

Jaқ qazaq: Сіз тәуелсіз еліміздің тарихындағы тұңғыш Қазақстанның Еңбек Ері атағын алған, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз «Отан» орденін кеуденізге тақтыңыз. Өзіңіз айтпақшы, №159 мектеп-гимназияны ширек ғасыр басқардыңыз, сол кезеңдегі мәйекті жетістіктеріңіз үшін батыр атандыңыз. Ұжымыңызды осындай ынтымаққа ұйыстырып, мұғалімнің беделін қалай көтере білдіңіз?



мактанамыз. Дұрыс мақтаныш, неге көрсеткішке төбен көк тірмеске! Бірақ бұл дегенін бүтіндей бір мемлекеттің білім саласының деңгейін анықтап бермейді ғой. Олимпиадалан алтын алғанды да, күміспен күнтелгенді де, қолаға қолы жеткенді де белгілі бір мұғалім, жетекшісі дайындайды, баптайды. Сол шағын ғана

Аягүл Миразова: Мені басшылыққа шақырғанда тәуелсіздіктің елен-алаң алғашқы жылдары еді. Кезінде қазақ мектебі болып ашылып, кейін орыс тілінде оқытатын интернатқа айналып кеткен қарашаңырақты қайтадан қазақ мектебі етіп жарақтап жасақтау ісін маған тапсырғанда ауыртпалық арқама қатты батты. Жана оқу жылының басталуына санаулы күндер қалғанда директорлық қызметке тағайындалды. Қазақта «Жыртық үйдін Құдайы бар» деген демеу, медеу сөз бар. Токсаныншы жылдардағы тоқырауда ауылдан қалаға ағылған қалың нөпір екі қолға бір күрек таппай сенделді. Олардың арасында білікті педагог, майталман маман мұғалімдер де бар еді. Бірінен-бірі естіп, біздің мұғалімдер жинақтап жатқанымызды білген жастар жұмыс сұрап келгенде солардың ішінен сөйлесе келе, түсінісе отырып, өресі мен білім дәрежесіне қарап, сұрыптаудан өткендерін жұмысқа қабылдадық. Солардың ынтымақты жұмысының нәтижесінде осындай дәрежеге жеттік деп бағамдаймын. Мұғалімін өсіру, шыңдау, жеткізу, талабын ұштау – директордың міндеті. Мектебіміз Ы.Алтынсарин атындағы академияның базалық мектебі саналды да, соны пайдаланып жас кадрларға, үйсіз жүрген білікті мамандарымызға жоғары оқу орындарының жатақханасынан орын да алып беруге мүмкіндік болды. Мектебіміздің ашылғанына 10 жыл толғанда Алматы қаласында үздік атандық, сол жылы республикалық сайыста да бас жүлдеге ие болдық. Мұның барлығы да мұғалімдердің шығармашылығын шыңдаудың, ұжым болып атсалысудың жемісі. Бірімізді біріміз тәрбиелеп, өзімізде жоқты ұжымдағы әріптестерден үйреніп, бойымызға сіңіретін едік. Мұғалімдеріміз қандай сайысқа қатыспасын, тайлы-таяғымыз қалмай қолдап, демеп, шашбауын көтеріп жүріп, қамқорлық таныттық. Басшының міндеті өмір беріп, айдауына жүргізіп, жасату емес. Алдындағы әрбір мұғалімнің отбасындағы, жұмысындағы мәселелерден құлағар болып, қол ұшын тигізу деп санаймын.

Кейбір мектеп басшылары кадр жинауда біліктілікті ойлаудан гөрі алыс-берісті, ары-бері сырақтатуды қабыл көреді. Ал есті басшы, басалқы директор «білікті маман тапсам екен, ұжымды сұңғыла педагоггермен жасактасам, өрлеймін» дегенді ойлайды. Сондықтан да басшылардың негізгі міндеті – білікті, ұстаздарды жинау деп санаймын.

Jaқ qazaq: Өңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Қуаныш ӘЛМЕРЕК

ҚОҒАМ

Trend

Әлемдегі ірі инвесторлар Қазақстанды инвестиция мен сауда-саттық ерісін кеңейтуге тартымды әрі ыңғайлы деп есептейді. Бұған түрлі компаниялардың елімізге айрықша ықылас танытуы дәлел бола алады. Солардың бірі – Біріккен Араб Әмірліктерінің «Al Badie Group for Trading and Investment» (ABG) инфрақұрылым саласында ірі жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Премьер-Министр Әлихан Смайылов өткен бейсенбіде осы компанияның бас директоры Халид Мұхаммед Әл Бадимен кездесіп, автожол құрылысы бойынша ынтымақтастық жайын талқылады. ABG елімізде аса ірі автожол жобаларын қаржыландырып, жүзеге асыруға ниет білдірді. Араб компаниясы, сондай-ақ қазіргі қолданыстағы республикалық маңызы бар кейбір жолдарды жаңғыртуға дайын екенін жеткізді.

дайын өнімнің 100-ден астам түрін ұсына алатынын мәлімдеді. Бұдан бөлек, бүгінде өзекті мәселеге айналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы бойынша ынтымақтастықтың әлеуеті мол. Қазақстан күллі әлемде сұранысқа ие бидай, ұн, ет және майлы дақылды тұрақты түрде жеткізе алады. Экспорт көлемін ұлғайту үшін көлік-логистика жүйесін жетілдіру қолға алынды. Бұл ретте Үкімет қазіргі геосаяси ахуалға орай тасымалды жетілдіру мақсатында Транскаспий бағытына айрықша мән беріп отыр. «Орта дәліз» деп те аталатын осы күретауыра тауарды Парсы Шығанағы елдеріне қысқа мерзімде жеткізуге септігін тигізеді. Сондай-ақ еліміздің транзиттік әлеуеті Саудия компанияларының Ресей, Қытай және Оңтүстік Азияның алып нарығына шығуға мүмкіндік береді.

Әлемдегі ең көп мұнай қорымен ОПЕК ұйымында сөз иесі болып табылатын Сауд Арабиясымен сауда-инвестициялық қарым-қатынасты дамыту еліміз үшін тиімді.

2. ӘМІРЛІКТЕРМЕН ӘРІПТЕСТІК

Араб мемлекеттерімен экономикалық байланыс туралы сөз қозғағанда, әңгіме басында айтылған Біріккен Араб Әмірліктеріне (БАӘ) де айрықша тоқталған жөн. Қазақ елінде

ИНВЕСТИЦИЯ МЕН САУДА – СЕРІКТЕСТІК КЕПІЛІ



1. САУД АРАБИЯСЫМЕН СЫНДАРЛЫ БАЙЛАНЫС

Үкімет басшысы жүзdesуде бүгінде араб инвесторларының елімізге айрықша назар аударып отырғанын атап өтті. Бұған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырда Таяу Шығыс елдеріне жасаған сапары ықпал еткені анық. Мемлекет басшысы өткен айдың соңына таман Жидда қаласында Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы Мұхаммед бин Салманмен және осы елдегі аса ірі компаниялардың жетекшілерімен кездесті. Осы сапардың қорытындысы бойынша бірқатар келісім мен меморандумға қол қойылды.

Қол қою рәсімінен кейін көп өтпей, Саудияның «Ajan&Bros Holding Group» компаниясының Қазақстанда бөтелкеге құйылатын тәтті сусын және төрт түлік малға құнарлы жем-шөп өндіретін кәсіпорындар салуды жоспарлағаны мәлім болды. Инвестор аталған жобаларға 200 млн доллар көлемінде қаржы құймақшы.

«AKWA Power» — осы елдегі бүкіл әлемге танымал іргелі компаниялардың бірі. Электр энергиясы мен тұщы су өндірісіне маманданған. 13 мемлекетте ауқымды жобаларды қолға алған компанияның инвестициялық қоржыны 66,5 млрд долларды құрайды. Инвестор елімізде қуаты 1 ГВт-қа жететін жел электр стансасы мен энергия жинақтауға арналған батарея өндіретін зауыт салуға ниет білдіріп отыр. Компанияның бас инвестициялық директоры Клайв Терстон өткен жетіде сыртқы істер министрлігі инвестициялар комитетінің төрағасы Ардақ Зебешев және «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповпен өткен кездесуде жаңғыртпалы қуат көздері бойынша еліміздің әлеуеті орасан зор екенін атап өтті. «AKWA Power» әлгі жобаны іске асырудағы алғаш қадам ретінде Қазақстанда өз офисін ашатынын хабарлады.

«KAZAKH INVEST» өкілдері келешекте саудиялық инвесторлармен бірге ауыл шаруашылығы, қазба байлық өндірісі, энергетика, мұнай-газ химиясы, ғарыш, туризм және инфрақұрылым салалары бойынша іскерлік ынтымақтастық орнауы мүмкін екенін айтады. Айта кеткен жөн, осы елдің кәсіпкерлері бұған дейін де елімізге инвестиция әкелген. Соның ішінде Nimir Petroleum компаниясының Маңғыстау өңіріндегі Солтүстік Бозашы кенішінде көмірсутегі өндіру үшін лицензия алғаны белгілі. Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы іскерлік тобының өкілдерімен жүзdesуде корольдіктің қолдауымен елімізде жалпы көлемі 120 млн долларды құрайтын бірнеше жобаның жүзеге асқанын атап өтті. Бұған қоса, корольдіктің қайтарымсыз грант есебінде әкімшілік пен емдеу орталығы ғимараттары мен Ақмола мен Қарағанды облыстарын бір-біріне жалғайтын жол құрылысы (құны 12 млн доллар) жобасы іске асқанын айта кетейік.

Екі жақты сауда-саттық көлемін ұлғайтудың да көкжиегі кең. Мемлекет басшысы Саудия инвесторларымен кездесуде еліміздің корольдікке құны 400 млн долларлық шикізатқа жатпайтын

Әмірліктер капиталының қатысуымен 276 бірлескен кәсіпорын жұмысын жүргізіп отыр. Нұр-Сұлтан қаласында аса ірі «Әбу Даби Плаза» кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Құны 1,6 млрд долларды құрайтын осы жоба екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастың жарқын үлгісі болып табылады. Статистикалық деректерге жүгінесек, 2005-20021 жылдар арасында БАӘ компанияларының Қазақстанға әкелген тікелей инвестициясы 2,6 млрд долларға жеткен.

3. ҚАТАРМЕН ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

«Біз сапар барысында (Қазақстандағы) «Жер қойнауы туралы» жана кодекс туралы жан-жақты мағлұмат алдық. Бұл инвесторлар үшін өте тиімді. Өйткені әлемдік талапқа сай осы заңнама инвесторлар мен Үкіметтің құқықтары мен міндеттемелерін нақты айқындап берген. Бізге мұндағы логистика мәселесі мен инвесторға қойылатын талапты тәптіштеп түсіндірді. Кейбір тау-кен компанияларына қатысты деректерге қанықтық. Өзара тиімді жобаларды іске асырғымыз келеді». Бұл әлемдік тау-кен өндірісінде танымал «Qatar Mining» компаниясының жетекшісі Халид Ахмад Әл Обайдилдің еліміздегі инвестициялық ахуалға байланысты айтқан пікірі. Іскерлік байланыс орнату үшін Нұр-Сұлтанға келген осы компанияның өкілдері біздегі тау-кен өндірісіне ықылас танытып, 50 млн долларға дейін қаржы құя алатынын жеткізді. «Тау-Кен Алтын» зауытына барған араб кәсіпкерлерімен ынтымақтастық орнату, соның ішінде аффинаж өндірісін шикізатпен қамтамасыз ету жайы талқыланды.

«Көгілдір отынға» бай Парсы Шығанағындағы Қатар мемлекетімен сауда-экономикалық қарым-қатынасты өркендету де маңызды бағыттың бірі болып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы маусымда осы елге жасаған сапары барысында осы мемлекеттің әмірі шейх Төмім бин Хамад Әл Танимен іскерлік байланысты жандандыру жайын талқылады. Мемлекет басшысы «Біздің бірқатар инвестициялық жобаларымыз бар. Қазақстан компаниялары бұл бағытта Қатар бизнесімен белсенді түрде жұмыс істегісі келеді» деген еді. Қатар әмірі мұндай ұсынысты құптағанын айта келе, өз елінің Қазақстанмен, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында тығыз қарым-қатынас орнатуға мүдделі екенін, ортақ жобаларды бірлесе талқылау үшін мамандарын бізге жіберетінін мәлімдеді.

Экономиканың әртараптыңдыруы (диверсификация) жемісті түрде іске асырып жатқан араб мемлекеттері Қазақстанды сенімді серіктестік деп біледі. Қатар мемлекетінің кеңесшісі Ричард Гриффитстің сөзімен айтқанда, еліміз өзінің инвестициялық мүмкіндігі мен әлемге танымал орасан зор шаруа атқарды. Енді ғаламдық компаниялардың өз қаржысын әкелетін күн алыс емес.

Срайыл СМАЙЫЛ, экономикалық шолушы

ТАРИХ ТҰҢҒИЫҒЫ, ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ ЖӘНЕ «ТАЙТҰЯҚ» АЛТЫН (эссе)

Зұлмат

(Басы 1-бетте)

Артель мүшесі Қосмабақ Саяқұлы 1932 жылы қамалған — 1934 жылы ақталған. Алайда... 1938 жылы қайта қамалған — сол жолы оған «халық жауы» деген айып тағылып, «үштіктің» үкімімен атылған. Қызыл әскер Әлімғазы Қосмабақұлы 1942 жылы майданда «қаза тапқан» — 1944 жылы «тірі» болып шыққан. Майданда көрсеткен көзсіз ерлігіне қарамастан, гвардия аға лейтенанты, мергендер взводының командирі Қосмабақұлы «халық жауының» ұлы болғандықтан, КСРО Қарулы Күштерінің жоғары офицер құрамына қабылданбаған. 1962 жылы білім ордасының ұсынысымен Мысыр сапарына аттанар тұста, жарты жолдан қайтарылған...

Зангер Бәйкен Әлімғазыұлы Тәуелсіздік жылдары 1966 жылы сот шешімімен ақталған атасының заңды құжатын тапқан...

(Бір әулеттегі үш буын өкілінің тарихынан)

Егін жинау қызған кез екен. Қол орағы қолындағы шаруаның бірі дамылдап, белін түзеп, басын жоғары көтермей ме!? Бас көтеріп мандайдан сауылдап аққан терін сылып тастап жан-жағына көз тастап қарамай ма!? Сол тұста тыныстап алмақ ниет танытқан тағы бір жолдасы сарғайған газет парағын жыртып, махорка орап жатыпты дейді.

Газеттің жыртылған бетіндегі көмескі суретті көзі шалған шаруа жәй тұрмай, қызығушылықпен махорка орап жатқан досына әлгі көмескі кескінді орағының ұшымен нұсқап көрсетіп:

— Әй, андағы... мұрты ғана анық көрінген кімнің суреті? — дейді ғой.

Сол бейкүнә шаруа ыңыршығы шыққан баспаханадан бозауы баттасып бет-бейнесі айқындалмай газет бетіне басылған көсемнің суретін орақтың ұшымен көрсетіп «қорлағаны үшін» «итжеккенге» 15 жылға айдалып кеткен екен! Міне, елімізді жаппай жайлаған «қызыл нәубет» дертінің қарапайым бір ғана мысалы осындай болып келеді. Ешбір кінәсі жоқ қазақ осылайша саяси «сауатсыздығы үшін» жазаланды, қаншасы өмірімен қоштасты. Ең аяныштысы — қолдан жасалған «қызы қырғын» науқанынан ешкім де өзін-өзі қорғай да алмады, қорғаушысы да болмады!

Бір әулеттің үлкені — Қосмабақ Саяқұлының тағдыры да жоғарыдағы оқиға ұқсас...

Қараша ауылдың жұрты егістіктегі бар өнімді Отан қамбасына жөнелтіп, өздері ауыздарын қу шөппен сүртіп қалған қиын кезең үсті екен дейді. Қара суық жығылған үстіне жұдырықтай

✓ «Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді. Ұатымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды. Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінен. 2021 жылғы 31 мамыр)

тііп, жұртты абыржытып тастайды. Арақидік ауыл ішінде артельге кіріп қарық боламыз деген халықтың тұрмыс жайы көтеріле алмай тұралап қалған. Нан сұрап жылаған бір үй толы бала-шағаның көз жасын көрген Қосмабақ сынды ер-азамат сонда артель басшысына барып:

— Оу, айналайын құрдасым... мынау қызылшақаларды қырасың ба, қол ұшын берсенші! — депті.

Артель басшысы Әбдікадір Бабажанов:

— Қамбада бір түйір дән болса бұйырмасын, қауызына дейін сыпырып-сыпырып ауданға жөнелттік емес пе? — дейді.

Бұл кезде Ресейдің Орал, Дон жағалауларын аштық жайлап, қара халықтың құты қаша бастаған. Қазақтың малы да, дән де солардың аш құрсағын толтыруға толассыз, тоқтаусыз жіберіліп жатқан. Бүгінгі тарих солай дейді, ол тұста ауыл жұрты оны білді дейсіз бе? «Бәрі де жана өкімет үшін, халық үшін!» деген ұранды көтере жүріп, қазақ өз тағдырын ойлауды мүлдем ұмыт қалдырған.

Бастаған әңгімесіміздің желісіне қайта оралсақ: қамқөңіл азамат артель басшысына «Аш құрсақ балалардың аналарына ең болмаса егістікте тышқаннан қалған масақты теруге рұқсат етсенші», — деген ұсыныс жасапты. Құдайшылығына келсек, сартышқанның жемсауына түспей қалған дән қауызы далада жатса, шіріп те кетеді. Артель басшысы Әбдікадір Бабажанов та Құдайға қараған жан болса керек, қатты күйзеліп отырған бір-екі отбасының әйелдеріне әрі құрсақ, әрі атқосшысы Қосмабақтың меселін де қайтармай, егістікте қалған масақты жинауға келісімін береді. Бар болғаны осы!

Бұл әңгіме ауылдағы шала сауатты шолақ белсенділердің бірінің құлағына жетеді... Ол



Артель мүшесі Қосмабақ Саяқұлы

пақырыңыз ерте тұрып, қотыр тайын ерттеп мініп, жана туған үкіметке өзінің жан-тәнімен берілген алалдығын көрсетпек мақсатымен аудандағы тиісті орынға арнайы барып тұрып мәлімет жеткізіп қайтады. «Артель басшысының атқосшысы Қосмабақ Саяков ауылдағыларға масақ теруге рұқсат алып берген» деген айыптың азабы аз болмады! Қосмабақ Саяқұлы бір-ақ күнде мемлекет мүлкін талан-тарағға салушы атанады да шыға келеді. Найзалы мылтығы бар екі қызыл әскер Қосмабақтың қолына кісен салып, бүкіл ауыл жұртының көзіне, арбаға танып мінігізіп аудан орталығына алады да кетеді. Сол кеткеннен жазықсыздан-жазықсыз істі болған Қосмабақ Саяқұлы абақтыда екі жыл отырып оралады...

Қосмабақ тұмысынан намысқой, әділетсіздікке төзбейтін біребеткей жан екен. Өнерден де құралақан қалмапты. Домбыраны бебеулетіп ән салған, отырстың гүлі болған. Суықтөбе баурайында жылқы баптап, асау үйреткен, көкпар тартса, салымды бермеген. Ал енді, жастығына қарамастан, ағайын арасындағы ренішті шешіп, татуластырудың шебері болғаны туралы аңыз ел құлағында қалды. Ескіше оқыған, араб көрпімен хат таныған. Бойына осындай қасиеттер жинақталған азаматтың ел ішінде сері Қосмабақ атануы да тегіннен-тегін емес-ті. Кеңес үкіметін екі қолымен қолдап ауыл жұртын артель басына топтастыруда да танытқан белсенділік ісі өз алдына!

Тәуелсіздіктің арқасында сан том тарихи «ақтандықтардың» жабық парақтары ашылып жатқан тұста, тиісті орындарға арнайы сауал хат жолданып, қаншама құжаттар жариялылық тапты. Қосмабақ ұрпағы да «Біздің атамыз бар болғаны «Мына қызылшақалар аштан өлмесін, ең болмаса масақта қалған



«Халық жауына» шығарылған үкім-қағаздың көшірмесі

қауыздағы жарты дәнді талғажу жасасын» деген бір ауыз сөзі үшін «халық жауы» атанғаны ма? Халқының қамын жеген қайсар жанның қолына кісен салатын ол қандай үкімет болды сонда? Неге көз алдындағы болып жатқан жантүршігерлік оқиғаларға төрелік айтатын ауыл-аймақта адам табылмаған!?» деген сан тарау сауал мазалайтын. Сұрақ орынды. Бірақ заман ағымы басқа-тын. Бас көтерген адам жана үкіметке қарсы келді деп, яғни «халық жауы» атанып, қас-қағым сәтте итжеккенге айдалатын да кететін. Қосмабақ жарық күнде қапсақа қамалған сондай құрбандардың біріне айналды! Ең сорақысы, қитұрқы саясаттың төл туындысы — жергілікті «үштіктің» шешімі болды! Бұл «үштіктің» мәртебесі халық аузын ашып, көзін жұмып Құдайдай сенген кеңес үкіметінің шешімімен тең дәрежеде тұратын. Міне, осы тұста ғой, мұндай тосын сыйлардан басы айналып шарасыздық күйін кешкен ауыл жұртының өзі кімге сенерін, қалай сенерін де білмей қал болғаны. Қасақана жасалған «асырасілтеушіліктің» аяғы халықты ашаршылыққа ұрындырды. Бірсыпыра жұрт мұндай қолдан жасалған қиянатқа төзбей, бала-шағасын жетектеп-ертіп тау асып, Қастек аңғарымен қырғыз еліне шұбыра көшіп жатты.

(Жалғасы 5-бетте)

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

(Соңы. Басы 1-4-бетте)

— «Жабық» мемлекеттің құпиялық темір торы түрілген тұста өз басым талмай іздеу сала жүріп атама қатысты архив құжаттарын мұқият ақтарып, қарап шықтым, — дейді белгілі жангер Қомсабақ немересі Бәйкен Әлімғазин. — Ақтарып шықтым деген аты ғана... Сонда мен құпия құжаттың аты мен астарында нендей мемлекеттік қылмыстың жатқанына көз жеткізе алмадым. Нақты қолыма тигені бір жапырақ қана қағаз. Тергеу ісі деген тармақта «КСРО қауіпсіздік комитетінің №08765 архиві» деп жазылған. Ал ол құжатқа қол жеткізу, тіпті мүмкін емес. Ең қызығы, әлгі архив оның алдында «2408 ф 1» деп те тіркелген екен. Бірақ ол кейін белінен сызылған. Ал «архив №29689» деген цифр да белінен екі мәрте сызылған. Келесі белінен екі мәрте сызылған архивтік белгі ерекше назар аудартады. Онда «Москва. № 448486» деп жазылыпты. Ол да белінен екі мәрте сызылған. Ал түсініп көріңіз... Қылмыс атауы, тергеу ісі, лақап аты деген жолдар бос тұр, толтырылмаған. Еңбек жолымды ұзақ мерзімде құқық саласында — оның ішінде тергеу амалдарымен тікелей айналысқан мені таңқалдырғаны да адам тағдырын шешкен сол кездегі заңдық құқы бар құжаттағы «қойыртпақ» жазбалар.

Есесіне, құжаттың 7-ші тармағында «Байдың ұлы, 1893 жылы Алматы облысының Кастек ауданында туған» деген жолдардан соң, «мемлекет мүлкін талан-таражға салғаны үшін 2 жылға бас бостандығынан айрылды» делінген. Партияда жоктығы, Қылмыстық кодекстің 58-2, 10-II бабымен жазаланғаны жазылған. Демек тышқанның тіміскіліп, тірнектеп жинайтын дәні — былайша айтқанда, кәдімгі масақта қалған дән мемлекет мүлкі болып тұр ғой. Қараңғы қазаққа

мәйіттермен бірге сексеуіл жиғандай көлікке тиеген де түнделетіп қазіргі Іле ауданының Жаңалық ауылының маңындағы жыраға аударып тастап, топырақпен көме салған. Қазір ол маңда қатыгез тарихтың өшпес белгісіндей ескерткіш-мемориал орналастырылған. Жыл сайын 31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні мен секілді жазықсыз аталарынан айырылған азаматтар сол жерде бас қосып, ескерткішке тағзым етеді.

1997 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен осы күн «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» деп жарияланды.

Қазақ тарихының беттеріндегі «актандактарды» ашып, айғақтау үшін еліміздің жаңа дәуір ғалымдары қаншама маңдай терін төкті, еңбек сіңірді. Темір құлып сынды, темір есік бұзылды. Жазықсыз жапа көріп жазаланған жандардың аты-жөніне жариялылық берілді. Мыңдаған қазақ боздақтарының ішінде Қомсабақ Саяқовтың аты-жөні тайға таңба басқандай айшықты жазылыпты... Тоз-тозы шығып шаңырағы ортасына түскен мыңдаған отбасылары жабыққан көңілдеріне медеу тапты. Қомсабақ Саяқовқа қатысты іс Алматы облыстық соты президиумының 20.VII.1966 жылғы шешіміне сәйкес өзгертіліп, біржолата тоқтатылған. «Халық жауының» біржолата ақталғаны 1966 жылғы 13 тамыздағы №5—78 протоколымен расталған.

Әулетінде «халық жауы» болмаған ұрпақ олар туралы айтылған, жазылған уақиғаларды құлағына ілуі мүмкін, бірақ ерекше зейін қоюы, талдап жатуы екіталай. Өйткені олар «асыра сілтеу» саясатының жазаланушыдан кейінгі бірнеше ұрпаққа тигізген зардабын, ауыр қасіретін басынан өткермеген соң оның зардабын да сезіне алмайды. Лайым, сезінбесін де. Ал Қомсабақ әулетінен тараған

аман өткен взвод командирі алдында одан зор сын күтіп тұрғанын білмеген де, сезбеген де шығар. Жалындаған жас жігіт жауды жеңіп, туған жерге аман-есен оралуды ғана мақсат тұтты.

Бұл кезде Әлімғазының ауылы майдан өтіндегі жауынгерлерге аузынан қырып, қолындағы барын солай қарай жөнелту үстінде-тін. Үлкендерге қол ұшын беруге жарап қалған бала-шаға, еңкейген көрі — бәрі-бәрі кеңшардың егістік даласында, фермасында, таңның атысы күннің батысы бір бел жазбай еңбек етті. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран алға шықты. Майданға аттанған боздақтардың аман оралуы — елдің тілегі, халықтың бір ғана ой-арманына айналған. Тағдырдың басқа салғанынан кім құтылып шыққан, онсыз да қамығып, ертелі кеш, күн-түн демей тек қана еңбектен басқаны елемей отырған ауыл адамдарына тосыннан келген, майдан даласынан жеткен «қара қағаздар» легі қарақұйын дауылдай өте ауыр соқты. Әр үй хат тасушының ауылға бет алуын бір үміт, бір күдікпен қарсы алатын.

Майдан шебінен жазылған хаттар легі бір толастамайтын. Мазмұнында бір қуаныш, бір қайғы жазылатын хаттарды иесіне тапсыру да ауыл поштаншысы үшін жеңіл емес-тін. Кез келген үш бұрышы хаттың ішінде ол ашылғанша, жақсы яки жаман хабардың бары белгісіз болатынының өзі жанды күйзелтіп бітетін.



Гвардия аға лейтенанты Әлімғазы Қомсабақұлы

тоқтау табады... Дәл сол тұста дүние жүзіне үстемдік танытуды мансұқ еткен АҚШ қарулы күштері Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбаларын тастайды. Соғыстың аяқталғаны бар, жаракаттары бар, қысқасы, орденді офицер — Суыктөбенің сұңқары Отанының өзіне жасаған үкімет «сенімін» ішінде сақтаған күйі елге Женіс аркалап оралады...

Гвардия офицерінің кеудесінде 1941-1945 жылдардағы «Ұлы Отан» соғысындағы Германияны жеңгені үшін» ордені мен «Ерлігі үшін» секілді басқа да медальдар көзсіз ерлігінің күәсіндей жарқырап тұрды.

Соно-оу 60-ыншы жылдардың басы екен... Ауылдың үздік мұғалімі Әлімғазы Қомсабаков мемлекеттер арасындағы халықаралық қатынастар аясында Египетке қызметке баратын болады. Әңгіме шығысымен арнаулы органдар ұстаздың тегін, өмір жолын бір ай бойы тексереді. Ол кезде шетелді шетел деп қарайтын заман. КСРО шекарасынан бір алдым аттап шығу мүмкін емес. Оқ пен оттың ортасынан шыққан нағыз жауынгер, Отан соғысының орденді ардагері, гвардия аға лейтенанты. Жоғары білімді ұстаз. Екі тілге бірдей жетік. Саяси ілімде де ілкімді. Қызметінде мін жоқ. Ұжымында, ауылында, ортасында, отбасында өте сыйлы... КСРО-ның нағыз патриоты. Жер шарының қай бұрышында болса да Отанымыздың атынан оның сеніміне сай адал да тиынақты қызмет атқаруға дайын. Соған қарамастан, иә, өкінішке қарай... өкінішке қарай, Әлімғазы Қомсабаков «Египет емтиханынан» өтпей қалды. Себебі... әкесі Қомсабақ Саяқұлы жазықсыз жабылған жаладан әлі де ақталмаған кезең еді. 1966 жыл әлі де алда болатын.

— Кейде бір кенеттен терең тарих тұңғығына батып, әулет әлемінің өткен өмір жолдарына көз жүгіртуіме осындай оқиғалар себепші болатыны бар. Ең алдымен, мені, «неге бұлай болды» деген сұрақ мазалайды. Неге... неге? Қомсабақ

атам есіме түседі, — дейді ақталған «халық жауының» бүгінгі таңдағы немересі полковник Бәйкен Әлімғазин. — Жасамаған қылмысы үшін екінші мәрте айдалып кетіп бара жатқан жарықтық атамның санасын сонда қандай ой мазалады екен? Өзінің кінәсіз екенін сезіп, біліп тұрып нақақтан-нақақ өлімге бара жатқанын білді ғой атам. Әруақтарға сиынып, Құдайға да жалбарынған шығар! Іштей күйініп, жылаған да болар... Ешбір кінәсі, қылмысы жоқ адам бейбіт өмірін қалайша ғана қисын?! Бір емес, екі рет атамның үстінен өтірік «жала» жауып, тиісті орындарға жалған ақпарат жіберген адам атам атылған соң «Менің осы тірлігім дұрыс болды ма өзі?» деп өз-өзіне есеп беріп көрді ме екен? «Обал болды-ау!» деп өкінді ме екен!? Атамның түбіне жеткен өз ауылымыздың жалақор-сөз тасығышы («тоқылдақ») екен... Бәлкім, адамдардың бір-біріне бұлайша қиянат жасауына сол кездегі таптық мүддені алға шығарған әділетсіз қоғам, қоғамдық қатынастар кінәлі болды ғой деген ой да қажайды мені... Қаншама сараптап-саралағанмен қиын түйіннің шешімін таба алмадым, ақылым жетпей-ақ қойды. Дегенмен... жангер, ұзақ жылдарғы тергеушілік сатыдан (*аудандық, облыстық, республикалық*) өткендік тәжірибеме сүйене отырып, мынадай да бір тұжырым жасағанды жөн саналдым.

Арғы атам Шокабай Батыр жаугершілік заманда Сұраншы Батырдың жүзбасы болған. Небір әскери жорықтарда аты шығып, бас қолбасшыдан марапат, сыйақы алғаны және ақиқат. Шокабай атамның тай тұяғындай алтыны Саяқ атама бұйырған деген де әңгіме бар. Мен бұл туралы Саяқ атамның кенжесі — Қомсабақ атамның інісі Көрпешбай атамның кемпірі Дәуей апамның аузынан да талай естіген ем. Бар түйін осы алтынның төңірегінде болып тұр. Себебі Қомсабақ атамды жеңілеттер алғаш рет ауданға мылтық кезеніп айдап кеткенде, тергеу барысында «Атақты байдың баласы!.. Атаң тыққан алтынды шығар» деген талапты сан рет қайталап қойған дейді. Шын мәнінде, тайтұяқ ол алтын Суыктөбенің баурайында, белгісіз жықпыл тастың арасында осы күнге дейін жатуы да мүмкін. Тарих-уақыт заулап өз желісінен жанылар емес. Бәрі де ұмытылар. Бірақ жазықсыз жапа шегіп, мезгілінен бұрын өмірін қиған Қомсабақ атам мен сол бір зобаланнның зардабын Отаны үшін жанын аямай, ауыр шайқастарда үш рет ауыр жараланғанына қарамастан, қайта тұрып, қолына қару алған Әлімғазы әкемнің өмір бойы «халық жауының баласы» деген жаманаттың қыр сонынан қалмағаны жанына бататы екен. Көп-көрінеу жасалынған қиянатқа жаның шыдамай, жүрегің езіледі екен...

Осымен бір атадан тараған ұрпақтың үш буыны туралы әлқиссам да шегіне жетті-ау деймін. Қарапайым қазақ әулетінің дәуір кезеңінде басынан өткерген өмір-тарихы, сын-сағаттары мен шытырман оқиғалары туралы ой-толғамдары санаға серпін берген тәрізді. Қазақ қоғамына тарих көшіндегі жаңа үкімет — ұжымдастыру кезеңінде ең алдымен, ғасырлар бойы қазақи тәрбие, дәстүрлі қарым-қатынас, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет сияқты қалыптасқан ұлттық канон талаптары бұрмаланды. Қоғамдық бұл қатынас қазақша айтқанда, «ала қойды бөле қыркүмен» тең еді. Ортақ мал, ортақ ұжым, ортақ жер талаптары қазаққа шын мәнінде жат. Ағайын арасынан шала сауатты шалақ белсенділер суырылып шықты. Кенестік идеологияның, төңкерістік мемлекеттің әуелгі көздеген ниетінің өзі сол еді. Сондай жандайшаптарды көтермелеп, «нағыз большевик» деп қоллапшап, оларға барынша қолдау көрсетті. Халықтың құдырықтай жұмылып, іс-әрекет жасарда ұйысып әрекет көрсетуінен өлердей үрейі ұшқан большевиктер мүмкін болса, ел ішінде мезгіл-мезгіл алауыздық туғызып, итке сүйек тастағандай ырылдастырып, арадастырып отыруды көздеді. Пышырып, бірінің үстінен бірі сөз тасып, ынтымағы ыдыраған дала қазағын икемдеп игеріп басқару жеңіл болатын.

Баурайы шексіз шерге толы Суыктөбе етегін жайлаған бейкүна халықтың Патша заманында көрген озбырлығы мен Кеңес өкіметі тұсындағы «асыра сілтеушілік» зардаптарынан көргені де, шексесіне тигені де аз емес. Кемелдеген социализм сатысына дейін сүйретіліп жеткен оспадарсыз да опасыз ол әрекеттердің көлемкесі әлі күнге дейін көзге ұрып тұр. Бостандық пен еркіндік, әділдік пен адалдық жолында өмірін қиған, қоғамдық қиянатқа қасқайып қарсы тұра білген, санана ойлы шүақ-сәулесін шашып кеткен жарқын бейнелі боздақтарымыз қаншама?! Жазықсыздан жазықсыз репрессия құрбанына айналған Қомсабақ Саяқұлы тарих парағына аты-жөні жазылған, қазақ қатарындағы сондай мыңның, миллионның бірі ғана...

Талғат СҮЙІНБАЙ,
Жамбыл ауданы
Алматы облысы


ТАРИХ ТҰҢҒИЫҒЫ, ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ ЖӘНЕ «ТАЙТҰЯҚ» АЛТЫН

(эссе)

деуге ауымыз бармайды, атам заманнан өзінің укладты өмір сүру ережесіне бағынып, күн кешкен қыр қазағына кенестік үкіметтің «ақ пен қараны ажыратпай» қырғидай тигенін осынау деректерден-ақ айқын аңғаруға болады. Бақылаушы, қазақша айтқанда, «қой» дейтін адам болмаған. Бейбіт халықты сондайлық кемсітіп қана қоймай, қаралған іске қатысты түске дейін бір жазалау бабы, түстен кейін екінші жазалау бабы алмастырылып, үстірт жазыла берген.

...Екі жыл абақты торының аржағында отырған Қомсабақ «көрмеген қорлығы жоқ» жазалау мен азаптау мерзімі аяқталған соң, үйге оралады. Торыққан ауылына, жабыққан отбасына қайта бауыр басады. Өкінішке қарай... араға үш жыл салып, Қомсабақтың үстінен қайтара «дерек» жинаған үкімет адамдары екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған ер-азаматты қайтадан түрмеге жабады. Әрине, «пиғылы бұзық», ел болашағы үшін қауіпті бай баласының тазалығына күмәнданушылардың қолтығына су бұрқуші «жау» бұл жолы да алыстан келмеген, өз ауылдастары еді.

Бейкүна шаруа газеттегі суретті орақтың үшымен көрсеткені үшін жер аударылып жатқанда, Қомсабақтың тап жауы — тегінің «бай баласы» болуы басына пәле болып жабысқан! «Жалаңдаған жазалаушылар» Қомсабақ Саяқовты бір түнде Ұзынағашқа қайтадан айдап алып кетеді. Бұл жолы қамап қана қоймай, қауіпсіздік комитетінің



Тарихшы-ұстаз Әлімғазы Қомсабақов шәкірттерімен

ұрпақтың — өз кіндігінен туған екі ұл, бір қызының ұзақ жылдар бойына «халық жауының» балалары атауымен ауыр күн кешкенінен, ауыр қасіретке толы күй кешкені ақиқат.

Әкесі «халық жауы» атанған Әлімғазы Қомсабақовтың өмір жолы даңғыл, жарқын болашағы «менмұңдалап» қол бұлғап шақырып тұрды дейсіз бе? Әрине, жоқ!

Білімге ерекше құштар жас өрен қатарларының алдында жүріп, 1940 жылы Ұзынағаштағы Крупская атындағы орта мектептің 10-шы сыныбын үздіктер

қатарында төмамдайды. Бұл он жылдықты бітірген мектеп тарихындағы ең алғашқы топ екен. Ең еңсесін енді көтере бастаған кез, ауыл мектептерінде мұғалім тапшы. Содан үздік шәкірт аудандық оқу-ағарту бөлімінің арнайы нұсқауымен Дегерес ауылындағы мектепке мұғалімдік қызметке жіберіледі. Ол осы ауылда 1942 жылы майданға аттанғанға дейін шәкірт тәрбиелейді. Еңбек жолын саралай келіп, Әлімғазы Қомсабақұлының шын мәнінде сабақты жақсы оқығаны, мектепті үздік бітіргеніне көз жеткіземіз. Өз қатарластарына ұстаздық жасап, тарих пен математикадан сабақ беру жас өренге оңай болып па?

Ел басына күн туып, ер-азаматтың дені майданда жүрген. 1942 жылдың 5 ақпанында таңдау ауыл мұғаліміне түсіп, ол да ұзамай майдан даласына аттанады. Оқыған азаматтарға мемлекет қай кезде де зору, оның үстіне соғыс жағдайында мемлекетте ондай кадрлар тапшы, қабілетті, қарымды көзі ашық Әлімғазының әскери комиссариат бірден Харьковтегі әскери училищеге оқуға жібереді. Ол тұста майданға кіші командирлер легі ауадай қажет. Алты айдың ішінде оқ пен оттың ортасына түсуге тас-түйін дайындалған Әлімғазы Қомсабаков жаңадан құрылған снайперлер взводын бастап Калинин майданына «атойлап» кіреді. Неге снайперлер взводы?

Аталары батыр азаматтың өмірбаян жолдарына Суыктөбе баурайындағы бабадан балаға мирасқа қалған аншылық дәстүрді қосыңыз! Бір сөзбен айтқанда, сол себепті де Әлімғазы Қомсабақовтың кіл құралайды көзден атқан мергендер тобының командирі болуы тегіннен-тегін емес. 1942 жылдың 31 тамызында II гвардиялық атқыштар корпусының құрамындағы 184-ші атқыштар дивизиясының 297-ші гвардиялық полкінің сапында Сталинград үшін ақтық шайқасқа кіреді. Дәл ол тұста мұртты көсемнің атындағы үлкен қаланы қорғау жолында кеңес әскері ақырғы демін алды, кескілескен шайқасқа дайындалып жатқан. Бұл шайқас екінші дүниежүзілік соғыстың бағытын өзгерткен шешуші асу болғаны тарихтан жақсы мәлім.

Мергендер тобы сұрапыл шайқастың әманда алдыңғы шебінде жүреді. Жарылан бомба, жер бетін тітіренткен ауыр танкілердің шыңғыр табыны, аспаннан құйылып төнген от шашқан ұшақтар! Осындай ажал төнген аласапырнаннан



«Былтыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы. Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз. Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінен. 2021 жылғы 31 мамыр)

әйгілі «үштігі» Саяқовты «халық жауы» болғаны үшін бірден ату жазасына кеседі. Отбасы оның ату жазасына кесілгенінен де хабарсыз-тын...

«Халық жауының» балаларын ауылда ұстау жаңа қоғамды «құрып» жатқан жергілікті белсенділерге сын заман, Қомсабақтың үш баласын алыс-жақындағы туыстарына «таратып», ол туралы жоғары жаққа есеп берген соң ғана жандары тыныш табады. Бейкүна жанның сүйегінің қай жерде қалғаны мәңгі-бақи құпия күйінде қалар ма еді?

1938 жылдың 2 ақпаны күнгі Алматы облысы «үштігінің» қаулысында «Атылысы» деген тармақтың екінші жолында «үкім орындалды» деп нақтыланыпты. Одан ары үкімнің орындалуын бақылаушы жауапты адамның түсініктемесі қысқаша бадыйрайтып былай жазылып: «Саяков Қомсабақ — контрреволюциялық көтерілісшілер тобының мүшесі. Қытайға қарай көшпешілердің ұйымдастырушысы» деген айып негізгі тағылыпты. — Марқұм Қомсабақ атам бар-жоғы 45-ақ жыл өмір сүріпті, былай ойлап қарасан, Қытай қайда, Суыктөбе қайда...— дейді атасы туралы Бәйкен Әлімғазин мұна бата ойланып, — айтпақшы, атамның құрдасы әрі жана қоғам құрудағы мүдделесі, ауылдағы тұңғыш құрылған артель басшысы Әбдіқадр Бабажанов та кейін «халық жауы» атанып, атылып кеткен. Атышулы жергілікті «үштіктің» оған қандай айып тағып үлгергені туралы ешқандай да мәлімет жоқ. Елдің қаймағын қалдырмаған! Сұраусыз, сотсыз атылған атамның мәйігін Алматының орталық түрмесіндегі басқа да

АЛЕҮМЕТ

Шырағдан

Жаңа оқу жылына да жақын қалдық. Қазір қай жерде де қарбалас. Жазғы еңбек демалысынан оралған мұғалімдер де абыр-сабыр. Біз барғанда М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның директоры Сәния Өскенбайқызының кабинетінде ығы-жығы көзек күткен ата-аналар тұрды. Барлығында да бір ғана өтініш – «Баламды мектепке қабылдасаңыз екен».



Jas qazaq: Сәния Өскенбайқызы, педагог мамандығының беделін арттыру бағытындағы оң өзгерістер жайынан бастасак әңгімемізді. Өзіңіз 30 жылдан астам уақыт осы салада жемісті еңбек етіп келесіз. Қарапайым мұғалімдік қызметтен мектеп директоры лауазымына дейін өрледіңіз. Екі бірдей білім ошағының басшысы қызметін атқардыңыз. Бұл күнде өзіңіз басқаратын Мұқағали Мақатаев атындағы №140 гимназияның оқу көрсеткіші қала бойынша алдыңғы лекте аталады.

Сәния Өскенбайқызы: Педагог мәртебесін арттыру, қызметін насихаттау, беделін арттыру бағытында әлі де атқарылатын жұмыстар жетерлік. Ұстаз беделін арттыру да, мұғалімнің мәртебесі жоғары болуы ең әуелі ұстаздың өзіне байланысты. Өз пәнін жетік білетін маманның беделі қашанда жоғары. Білімді, білікті, өзін жан-жақты дамытып, ізденісте жүретін, баланың жүрегіне жол тауып, шәкіртіне дос, жанашыр бола алса, мәртебесі көтеріледі, беделі де жоғарылайды. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мырза да мұғалімдердің беделін арттыру, педагог мәртебесінің қоғам алдында жоғарылауына, білім нәрің құятын ұстаздардың еңбекақысын еселеу ісінде де қарқынды жұмыс істеп келеді.

Бүгін бір ерекше жайтқа қуандым. 10-сыныпқа қабылдауымды өтініп бір қыз бала келді. Сөзі нақ, ісі мығым өжет қыз екен. «Апай, мен кейін педагог мамандығын тандаймын, математика пәнінің мұғалімі боламын» дейді. Ерекше қуандым арманын айтқанда. Мұғалімдік қызметке қызығушылық артып, сұраныстағы мамандықтың бірі саналғаны айдан анық. Соңғы жылдары әлеуметтік-материалдық жағдайын жақсарту мақсатында еңбекақының артуы да айтарлықтай көмек болды.

Мұғалімнің мәртебесін арттыру, беделін көтеру қоғамның да міндеті болуы тиіс. Ата-ана, әсіресе, тәуелсіздіктен бері қарай өмірге келген жас ата-аналар үйінде баласына мұғалімнің абыройы, беделі, біліктілігі туралы айтып, ұстазды құрметтеуді үйретсе. Ұстазға ата-ананың құрметі болса, баласына мұғалім жайлы ғайбат айтпаса, керісінше, педагогтің

жас буынды ағартушылық жолда үйрететін қызметінің ауырлығы туралы жеткізіп айтса, бала сыйламай қайда баралы? Отбасы – мемлекеттің, қоғамның құраушы бөлігі. Әрбір үйде ата-ананың ұстазға деген құрметі ерекше болса, мектепте де балалардың, шәкірттердің мұғалімге деген ықыласы жоғары болады. Ұстаз мәртебесін қалыптастыру отбасынан басталады. Әрбір балаға білім беретін ұстазға ата-ананың құрметі жоғары болып, қадірлеуі керек. Ал керісінше, ғайбат айтып, сыртынан бөтен сөзбен былғай берсе, баланың мұғаліміне деген көзқарасы өзгермей қайтеді? Қоғам болып тұтаса, осы түсінікті қалыптастырғанда ғана педагогтің беделі артады. Қоғамның ұстазға деген құрметі, махаббаты болғанда ғана мәртебесі биіктейді.

Jas qazaq: Дұрыс айтасыз, мұғалімнің мәртебесін қоғамдық сана қалыптастырады. Бүгінде мұғалімдердің еңбекақысының көтерілуі де педагог мамандығына деген сұранысты арттырды.

Сәния ӨСКЕНБАЙҚЫЗЫ, М.Мақатаев атындағы

№140 гимназияның директоры:

ҰСТАЗ БЕДЕЛІН ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Сәния Өскенбайқызы: Мұғалімдердің, әсіресе, жас мамандардың әлеуметтік мәселесін шешу үшін де атқарылатын жұмыс көп. Басында жеке баспанасы жоқ, жас кадрдың көңілі алаң болады. Жас ұстаздың әлеуметтік мәселесін шешудің оңтайлы жолдары қарастырылса да, құба-құп болар еді.

«Білімді ұлт» – сапалы білім беру» ұлттық жобасы да жас ұрпақты заман талабына сай, жаһандық көштен кейіндеп қалмаудың қамы үшін қолға алынып отыр. Жаңылмасам, Сарбонна (*Франция*) университетінің кіреберісінде ұлтты жою үшін білімінен айыру керек деген мағына үстейтін қанатты сөз жазылған екен. Расында, ұлтты жоюдың төте жолы – алдымен тілінен айырса, одан соң біліміне батта шапса, жеткілікті. Биылдан бастап 1-сыныпқа қабылданған балақайларға тек бір тіл ғана оқытылады. Орыс тілі 1-сыныптың оқу бағдарламасына енбейтін болды. «Әліппеміз» де ортамызға оралды. Әлихан Бөкейханов ағамыздың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген қанатты сөзін қаперден шығармауымыз керек. Білімді буынның бойындағы мінезді қалыптастыратын орта – отбасы мен мектеп. Жана 1-сыныпта орыс тілі оқылмайтынын атап өттім. Расында да, бала өзінің ұлтына қызмет етуі үшін туған тілін, ананың сүті, әкенің қанымен дарыған өз тілін білуге, сіңіруге міндетті. Басқа тілдің бәрін білсін, көп тіл білген адамның таным көкжиегі де кеңейе береді. Бірақ ең әуелі өзінің ана тілін білуі міндет.

Jas qazaq: Мектеп мұғалімдерінің жалақысы әжептәуір өскені, еңбекақысының сомасы артқаны бұл мамандыққа деген қызығушылықты оятты. Жүрек ісімен емес, білек күшімен педагог болуға талпынатындар да бар.

Сәния Өскенбайқызы: Мұғалім, педагог деген мәртебелі статуска ие болып, соның жолына өзінің бар ғұмырын арнап, тәуекел еткен жаннан ғана ұстаз шығады деп санаймын. Ал тек күндік сабағын ғана өткізіп, оқушылардың әрқайсысының жүрегіне жол табуды емес, сабақ жоспарын асығыс жазып жабуды ойлайтындардан ұстаз шықпайды. Сөзіңіздің жаны бар, кеше IT саласының мамандары бүгін сырттай оқу орнын бітіріп, мұғалім болып жүр. Кешегі инженердің бұл күнде мектепте денешынықтыру пәнінен сабақ беретіні жасырын емес. «Ұстаздық еткен жалақыпас, үйретуден балаға» деген әкәмі Абайдың өлеңінде

бәрі қамтылған. Мұғалімнің өз ісіне, ұжымына, алдындағы шәкіртіне деген махаббаты алабөтен болуы керек. Ұстаз алдында отырған әрбір баланың бойында қандай талант бұр жарып келе жатқанын көзінен оқып, көңілінен аңғаратын сұңғыла болуы шарт.

Мен ұжымымды өзімнің екінші отбасым деп қабылдаймын. Біз 2007 жылдан бері қарай қандай жетістікке жетсек те, барлығы да ұжымның ынтымақты еңбегінің жемісі. Директор өзіне бағынышты әріптестерін нұсқау беріп жұмсаушы емес. Әрбір кадрды өзімен тең ұстап, емін-еркін сөйлесуі керек.

Jas qazaq: «Балапанды күзде санайды» дегендей, мектептердің рейтингі, оқу көрсеткіші кейінгі жылдары көбіне-көп түлектердің ұлттық бірыңғай тест нәтижесіне қарай сараланып жүр. Сіздерде қалай болды?

Сәния Өскенбайқызы: Биыл мектебіміздің 11-сыныбын 104 баламыз бітіріп, қанаттанып шықты. ҰБТ-дан да жоғары ұпай жинады,



барлығы да жоғары оқу орнына түсті деп айтсақ асылық болмас. Жыл сайын көрсеткішіміз де жоғары, карантин кезіндегі онлайн оқуда сәл іркіліс бола ма деп уайымдап едік, шәкірттеріміз жаралды, жоғары ұпай жинап, сенімімізді ақтай білді.

«Оқу – инемен құдық қазғандай». Өмір бойы оқитын, білгенін балаға үйрететін мұғалімнің бойында ең алдымен өз ісіне деген шексіз сүйіспеншілік, адалдық, шәкірттеріне деген сенім керек. Сонымен қатар, білімділік, батылдық, шығармашылық пен үздіксіз ізденіс қажет. Заман көшінен қалмайтын, жанашыл болу – басты құндылықтардың бірі десек, тынбай еңбектену – нәтижеге бастар жол саналмақ. Осынау игі қасиеттерді бойына топтастыра білген ұстаздың бағы байланбайды.

Баланы біліммен немесе тәжірибемен ғана игеріп қана қоймайсыз, ең алдымен сол білімге деген ынтасын, қызығушылығын арттыру аса маңызды. «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – деп К.Ушинский айтқандай, өз кәсібінің майталманы болуы үшін үлкен ізденіс қажет. Қазіргі таңда педагогтердің кәсібі құзіреттілігін арттыратын оқыту бағдарламалары өте көп. Мәселе, соның тиімдісін алып, қажет жерде

қолдана білуде. Жас мұғалімдер үшін де, тәжірибелі мұғалімдер үшін де ең қажеті осы.

Десе де, жас мамандарға осы орайда айтар бір кеңесім: «мен білемінге» салынбай, әріптестік ынтымақтастықта, тәлімгерлермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу – өзіңізді өсіретін өріс дер едім.

Ең алдымен, «Баланы – жастан» деген пікірде үлкен мән бар. Мұнда тәрбиеге қаталдық емес, балаға жанашырлық, жастайынан тулғалық қарым-қабілетін дамыту жатыр. Баланың жастайынан адамгершілік құндылықтарды сіңіріп өсуіне жағдай жасауымыз керек. Осы бағытта біз, ұстаздар қауымы, «Не істей аламыз?» деген сауалға жауапты оқу-тәрбие үрдісінде тәрбиелік мәні зор іс-шаралардан іздеген ләзім. «Ұстаз – оқушы – ата-ана» үштігінің жұмысын жандандыруымыз қажет.

Ұстаз бен шәкіртті әлеуметтік жағынан жақсы тану, әрбір іске жауапкершілікпен қарау – күн тәртібінен түспейді. Олардың өзін-өзі ұстау мәдениетіне, сөз саптауына, келбетіне, терең білімі мен жанашылдығына жол ашуды еңбегіміздің бір тәсілі деп есептеймін. Гимназияда үштіктің жұмысын тұнып тұрған өнегере

айналдыру мақсатында «Әкелер кеңесі», «Әжелер алқасы», «Ағалар ақылы» деп аталатын алқалы топтар да бар.

Олар Отанын, туған жерін, ата-анасын, отбасын, туысқанын, бірге туған бауырларын, ұстазын, мектебін шексіз сүйетін шәкірттер қалыптастыруға ықпалын тигізіп отыр.

Олқылық кез келген уақытта, жағдаятқа байланысты болады. Маңыздысы, соны дер кезінде, қажетінше жөнге салу. Бұл орайда, отбасының тәрбиесі үлкен рөл атқарады.

Жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын арттыру үшін қазір ұстаздардың алдында шәкірттің оқуға деген құштарлығын арттыру, дарындылық қабілетін жан-жақты дамытып, шығармашылығын, ізденімпаздығын ұштай білу аса маңызды. Жеке тұлғаның өзіндік көзқарасын қалыптастыру және оны қорғай білуге үйрету, оқушыларға тілді менгерте отырып, белсенділіктерін арттыру, ақыл-ой, таным қабілеттерін дамыту секілді түрлі міндеттерді іске асыруда аянбай еңбектену қазіргі таңдағы басты міндет болып табылады. Киелі мамандықтың құдіреті мен қасиетін арттыру – ұстаздың еншісінде.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуан РАХМЕТ

«Жасыл Қазақстан»

Еліміздегі маңызды мәселелердің бірі – экология мен қоршаған ортаны қорғау. Бұл бағытта арнайы жобалар қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, бүгінде бүкіл елде «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын іске асыру бойынша түрлі жұмыстар атқарылуда.

Биылғы жаз маусымында еліміздің барлық ірі қалаларында көшелерді қоқыстан тазартуды көздейтін «Бірге Таза Қазақстан» акциясы өтті. Осы шара аясында елді мекендердің манайында рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жою, қалалардың рекреациялық аймақтарын, саябақтары мен аллеяларын тазарту жұмыстары



жүргізілді. Аула тазалау жұмыстарына жергілікті тұрғындар тартылды. Сондай-ақ еріктілер, экобелсенділер мен қоғам белсенділері де атсалысты.

Тазалық шарасына бас-аяғы 266 мың адам қатысты. Олардың ішінде 23 мыңнан астам ерікті, 94 мыңнан астам мемлекеттік органдардың өкілдері, 229 мыңнан астам тұрғын болды. Сонымен қатар, экология департаменттері жергілікті атқарушы органдармен және ішкі істер органдарымен бірлесіп, рұқсат етілмеген жерде қоқыстың жинақталуына жол бермейтін рейдтік іс-шаралар өткізді.

Акция барысында 10 мың гектардан астам жер тазартылды. Барлығы 19 мың тоннадан астам қоқыс жиналды. Жиналған қоқыс сұрыпталып, қайта өңдеуге жіберілді. Атап айтқанда, 1,1 мың тоннадан астам шыны, 1,6 мың тонна пластик,

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – МІНДЕТ

✓ **«Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажет. Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Birge – Taza Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізіп тұрған жөн».**

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл көзекі» Жолдауынан)

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының мақсаты – халықтың қолайлы өмір сүру ортасын құру және елдегі экологиялық жағдайды жақсарту. Ұлттық жобадағы негізгі бағыт «Таза Қазақстан» аталады. Бұл бағыттың басты мақсаты – қалдықтарды өңдеу және оларды пайдаланудың экологиялық қауіпсіздігін инфрақұрылымын құру, көлдердегі су сапасын жақсарту, сондай-ақ суару кезіндегі ысырапты азайту. «Таза Қазақстан» бағыты атмосфералық ауаның сапасын жақсарту, қалдықтарды басқару және еліміздің су объектілерінің экожүйелерін сақтау сияқты негізгі экологиялық мәселелерді шешуге ықпал етеді.

министрлігі табиғатын коқысты жинау, қайта өңдеу және сұрыптау сияқты экологиялық тақырыптарға қоғамның назарын аудару мақсатында қолға алынған болатын. Оған қатысуға ниет білдірген еріктілердің қатары жылдан-жылға артып келеді. Бұл тұрғындардың қоршаған ортаға бей-жай қарамайтынын, экологиялық түйткілдерді шешуге белсенді араласа бастағанын көрсетеді.

«Бірге Таза Қазақстан» акциясы еліміздегі ең ірі мегаполис – Алматыда да өтті. Экобелсенділер,

еріктілер мен қала тұрғындары Сайран көлінің шығыс жағалауын тазартты. Бұл шараның мақсаты – қоршаған ортаны қорғау мәселесіне халықтың назарын аудару, қала тазалығын сақтау және экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Аскар Әмриннің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен ұйымдастырылатын бұл акция жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында өткізіліп жүр. Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Наталья Ливинская: «Алматылық тұрғындар экологияны қорғау жұмыстарына келгенде өте белсенді. Жастар тарапынан болсын, қоғамдық ұйымдар мен еріктілер тарапынан болсын, қаламыздың экологиясын қорғауға түрлі ұсыныстар айтылады. Жұрттың экомәдениетке назар аудару бастағаны қуантады», – дейді.

Алматылық тұрғын Санат Ахметов экологияны қорғауға арналған акцияларға белсене қатысатынын айтты. «Алматы – көрікті қала. Біз осы сұлулықты өз қолымызбен ластап жатамыз. Сайран манын тазалауға келген жұртшылықты көріп, тазалық акциясына қатыстым. Мұнда отбасымен келіп, айналына қоқыстан тазартып жүргендерді көрдім. Ол бір жағынан тәрбие, бір жағынан үлгі көрсету», – дейді ол.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Мерейтой

Сергей Есенинді оқып өстік. Он алтыға толған балаң шағымызда ауыл кітапханасынан өлеңдерін көріп қап, түсінбесек те көкірекке сыйғызуға тырыстық.

Не жалею, не зову, не плачу,
Все пройдет, как с белых яблонь дым.
Увяданья золотом охваченный,
Я не буду больше молодым, –

деген жолдарды тай үстінде күбірлеп отырып тепсініп, сабаққа барып-қайтатынбыз. «Осының қазақшасы жоқ па екен?» деп те ойлап қоямыз. Бір күні «Жұлдыздан» Қадыр Мырзалиевтің аудармасында «Анна Снегина» деген поэманы көрдім. Қазақша болса да өлең сөзге түсіне алмай қайта-қайта оқыдым. Тіпті, көкіректе жатталып та қалды. Көне Русьтегі Снегин деген помещиктің қызы екі жүздей түтіні бар хуторға келген бір ақынға ғашық болады. Терең түсіне қоймасам да, білгенім – өзгеріске түскен екі өмір – екі қоғам арасындағы мінез-құлық пен сезім суреттеледі. Әсіресе, кінәратсыз әйел болмасын барынша ашып, Қадыр ақын қазақша сөйлеткен.

Он жетіге толып, жер асып Алматыға келдік. Жана орта, жанаша көңіл-күй. Бұл — 1972 жылы 19 облыстан жиналған ҚазГУ-дің журналистика факультетінің студенттер қауымы. Еркек кіндік көп те, қыздар аз. Елудің тоғызы қыз, қалғаны «сен тұр, мен атайын» едірендеген калам «қайраткерлері». Мектепті медальмен бітірген Әшірбек қана өзгеше, қалай аспирантураға түсем деп журналистикадан ғылым іздеп жүрген біртүрлі болмыс. «Лениншіл жаста» өлеңдері жарияланып, оқуға ақын боп келген Ұлықбек маған Есенин секілді көрінеді. «Не жалею, не зову, не плачу, Все пройдет, как с белых яблон дым»-ды сол жазғандай болады да тұрады.

Лекция басталды. «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы» мені тартпады, түк қызық емес, құрғақ цифр мен қомақты цитат. Профессор Амандосов таяғын иегіне тақап отырып цитатпен адамның ішін кептіреді. Ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетінен ауысып келген маған сондағы топырактану мен өсімдік қорғау пәндері әлдеқайда әсерлі көрінді. «Өзім ғой, «СХИ жактан сақтанып, ҚазГУ жаққа елендеп» (Жарасқанның эпиграмасы), қанбақтай ұшып-қонып жүрген. Бірінші «парға» қатысып, екіншісінде отырғым келмейді. Онан да «Пушкинге» (Ұлттық кітапхана) барып, газет-журнал ақтарсам, айызым қанады. Комсорг Әшірбектің «қара тізіміне» ілігіп те қалдым. Бірде «Фотодело» деген сабақтың жартысынан кетіп бара жатыр едім, тал бойында бір міні жок сүйріктей Райхан: «Қайда кетіп барасын? Алматыға оқу үшін келген жоксын ба? «Оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы» емес пе?» деп «макал — сөздің мәйегін» төгіп-төгіп тастады. Сасып қалдым. «Мынау көз алдымда жүрген Есениннің Анна Снегинасы ғой. Оқи-оқи көкірегімде жатталып қалған:

Снегиндер қақында
Айтмы қоймас болар ма?
Келгеніңді жақында
Дұңқ еткізгем оларға.
Он жыл — мұның айғағы,
Бізбен тату тұрады.
Анна деген байдағы
Қызы менен сұрады:
— Ақын ба, әлгі?
— Сол рас!
— Ақсары ма?
— Дәл өзі.
— Бұйра бас па?
— Бұйра бас!
Ерекшелену мінезі.
— Қашан келді?
— Жақында!
— Біледі оның ел атын.
Бір кезде сол ақын да
Маған...
Ғашық болатын... —

деген жолдар көкірегімде күмбірлеп қоя берді. Амал жоқ, кілт бұрылдым. «Макалды қалай орнын тауып айтады. Дәл бір мұғалім секілді». Сөйтсек, Райхан педучилищені үздік бітіріп, ұстаздықтың негізін қалап келген «сен де бір кірпіш дүниеге»-нің нағыз өзі екен. Оның ұстаздығы осылай мені Әшірбектің «қара тізімінен» құтқарды.

Райхан задында ақ көкірек, бауырмал, үлкендік жолын көрсетіп, кімге де болса «болсын» деп тұратын бірегей жан. Білімнен бас тартпайтын, бастауышта бала оқытудың қыр-сырын ежіктеген адамға журналистика теориясы өмір теориясындай боп көрінетін, бойында бар ұйымдастыру қабілетімен жақсы істің басында жүріп, бәрін де баурап алатын. Жүре келе Бүкілодақтық кәсіподақ комитетінің



АННА СНЕГИНА АРАМЫЗДА ЖҮР

стипендиаты атанды. Өзінің атаконысы — академиктер ауылы — Баянауыл екен. Осындайда:

Екі жүздей түтіні
Радово селосы.
Көз тартарлық бітімі,
Көрікті бір жер осы.
Орман, суға бай дала,
Жоқ-ау бұдан жер өткен.
Құтты қоныс айнала
Көмкерілген терекпен, —

деген «Анна Снегинаның» бастауы ойға оралады. Райханның Баянауылының да дүниеде жер жетпес өзіне тән ғажайып суреттері бар. Оны да кей-кейде там-тұмдап жеткізіп қояды.

Біздің курста «қличкамен» атау үрдісі бар. Мысалы, Әшірбекті — Пифагор, Мылтықбайды — Көкбазар десек, Ораз — Макар Чудра, Жанұзақ — Бүгінгі Белинский деген атау алған. Қыздардан Райханға Анна Снегина деп ат қойды. Оның адами болмысы мен табиғи сұлулығы бұл есімді толық ақтап тұр.

Журфак, филфак, юрфак — гуманитарлы үш факультеттің айдаған ешкісі бір. Бір-бірімен үндес, болашақты бірге бағамдайды, әдеби кітапты көп оқып, көктегі Ай мен жұлдызға қарап күбірлейтіндер де осында. Бір күні Райханды әлгі Есенин поэмасындағы ақсары, бұйра шаш, сұңғақ та сымбатты бір жігіт маңайлап жүр деген сыбыс шықты.

— Анна Снегинаның соңына түсіп жүр. Юрфактың жігіті екен, ұрып жіберейік, — деді Әшірбек.

— Шаман жетсе, үр.
— Байдалиевті жалдаймыз ғой...
Марқұм Қалыр жұлдырықтасудан жұғымды



еді, сөйтсек, ол ұрын келген жігіттің әрі жерлесі, әрі туысы боп шықты. Қос ғашық жұптары жазылмады. Райхан кей-кейде дархан жігіттің кен жайлау көңілінен

селкеулік іздеп, бұртиып, бұрылыста тұрып қалатын кездері де бар. Ақыры, 4-курста екеуі «Вернисажды» қосыла шырқап жүріп, Неке Сарайынан бір-ақ шықты. Бұл біздің курстағы алғашқы қыз ұзату тойы еді. Қыз-Жібекті сынсытып шығарып салдық. Оған да, міне, 46 жылдың жүзі болыпты. Сонда ұрын келген күйеуді Әшірбек алам жалдап ұрғызып жібермегені қандай жақсы болған. Әйтпесе бүгінгі Әділет генерал-майоры бір адамды өмір бойына темір торда ұстауға шамасы жетер еді.

Қазақта тәмсіл бар — «жақсы әйел жаман еркекті пұл қылады, жаман әйел жақсы еркекті құл қылады». Біздің Райхан курстың күйеу баласы Жақсылықты пұл қылған әдебі мол ұрғашы, Бейімбеттің «Әйел теңдігін» зердесімен ұғып, іске асырған алғыр жан. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіне елеулі үлес қосқан 3-дәрежелі мемлекеттік Әділет кенесшісі, Семей, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Алматы облыстарының және Алматы қаласының прокуроры болып, «Құрмет», «Данк» ордендерінің иегері атанған Жақсылық Байтұқбаевпен қиын өткелдерде



қайықты бірге есіп, қасынан табылған жан жары Райхан — біздің курстас, қолдан ұшырған қарлығашымыз.

«Прокурор» деп аталған қалың кітапта қаламгер Болат Жүнісбеков бұй дейді: «Олар қайда көшіп-қонса да, жана ортамен табыса әрі ұғыса жүріп, өзін деген ескі жолдас-жорамен байланыстарын үзбеді. Биікте тұрып та етектегі тәуелсіз қауымды естерінен шығармады. Қайта өмір жолының басында таптыр жоқтығын жолдастарына деген қимас көңілдерін аялай білді. Тіпті қал-қадерінше қамқор болуға тырысты. Олардың қуаныштарында Райхан гүл болып ашылса, реніштерінде Жақсылық

бірге болып, жандарынан табылар еді». Көзкөргеннің ағынан жарылған акеден көңілі осындай.

Зангер көп, біліктісі саусақпен санарлықтай. Жақсылықтың Желтоқсан көтерілісіне қатысушыларды, әсіресе, Қайрат Рысқұлбековті ақтаудағы жанқиярлығы — жігіттің жігіті істейтін-ақ тірлік. Бұл — ұлтыма болсын деген азаматтың төзімі мен тағылымы, құқық қорғау саласының кейінгі өкілдеріне өмірлік өнеге дер едік.

Арада көп су ағып, біраз жыл өткен соң Райханды көрдім. Есік ашылып, басында Алла Пугачеваның «Старинные часы»-ды шырқағанда киіп шыққан дөңгелек «таблетка»-топысы бар Анна Снегина күлімісіреп кіріп келе жатыр. Баспасөз министрлігінде мерзімді басылымдар және ақпарат құралдары басқармасының бас редакторымын. Райхан сонау Семейден өзі қызмет атқаратын «Абай» журналының жағдайын жеткізу үшін Алматыға арнайы ат терлетіп келіпті. Нағыз журналист ұлт басылымының тағдыры үшін жанын шүберекке түйіп, талай шақырымды араға тастап келіп отыр. Дерек министр Алтынбек Сәрсенбаевқа кіргізіп, шаруаны шештік. Сонан кейін ғана

РАЙХАН АХМЕТОВА – НАҒЫЗ ЖУРНАЛИСТ, ЗЕРТТЕУШІ, ҚАЙ ОБЛЫСТА, ҚАЙ БАСЫЛЫМДА ІСТЕМЕСІН ӘРІПТЕСТЕРІ ОСЫ БІР ЗИЯЛЫ ҚЫЗ ТУРАЛЫ ТЕК ЖАҚСЫ СӨЗ АЙТЫП, ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП ОТЫРАДЫ. ЖАЗСА, РАЙХАН ЖАЗСЫН. КУРСТАҒЫ ТОҒЫЗ ҚЫЗДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ЖҮРЕГІНЕ ҰЛАҒАТ ҰЯЛАТҚАН ҰСТАЗ, КӘСІБІНЕ АДАЛ ЖУРНАЛИСТ. ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖЕЛКЕНІНЕ ҚАРАЙ БАҒЫТЫН БҰРЫП, ҚАПШЫҒЫН АРҚАЛАП, ӘР ОБЛЫСТА БІР ТҰРАҚТАП ЖҮРСЕ ДЕ ҚАЛАМЫН ТАСТАМАДЫ. ЕР-АЗАМАТТЫҢ ЖЕЛКЕНІН ЖЫЛЖЫТЫП, ҮЗЕҢГІ ЖОЛДАСЫ БОЛУ – ӘЙЕЛ ҮШІН КИЕЛІ ПАРЫЗ.

әңгімені Пифагор — Әшірбек пен Көкбазар — Мылтықбайға, Макар Чудра — Ораз бен Бүгінгі Белинский — Жанұзаққа қарай бұрдық.

Райхан Ахметова — нағыз журналист, зерттеуші, қай облыста, қай басылымда істемесін әріптестері осы бір зиялы қыз туралы тек жақсы сөз айтып, еңбегін бағалап отырады. Жазса, Райхан жазсын. Курстағы тоғыз қыздың ортасындағы жүрегіне ұлағат ұялатқан ұстаз, кәсібіне адал журналист. Жақсылықтың желкеніне қарай бағытын бұрып, қапшығын

аркалап, әр облыста бір тұрақтап жүрсе де қаламын тастамады. Ер-азаматтың желкенін жылжытып, үзеңгі жолдасы болу — әйел үшін киелі парыз. Оны Райхан «Махаббатым — жүрегімде» атты кітапқа енген «Ақиқатты айтпасаң — арына сын» деген макаласында белгілі қоғам қайраткері Максұт Нәрікбаев пен оның жары Қасиетке орай ашып айтады. «Тарихқа көз жүгіртсек, еліміз бен қоғамымызға еңбек сіңірген белгілі азаматтардың қасындағы жарлары — олардың мемлекет пен қоғам үшін атқарған жұмыстарына үлкен үлес қосқаны анық. Бірақ та көп ретте осы жағы ашық айтылмай, көлеңкеде қала береді» деп жүрек сырын жұртқа жария етеді. Бұл — бүгінгі күні мұсылман әйелдері бет-пердесін сыпырып тастап айтатын шындық. 1918 жылы М.Әуезов пен

Ж.Аймауытов негізін қалаған «Абай» журналына Райханның еңбегі сіңді. Жоғын жоқтап, алыс шақырымдарды алысқа тастап келгенін әлгінде айттық. «Абай» журналының кітапханасы» сериясымен шыққан ұлы ақын туралы жинақ жайлы «Білгенге маржан» атты пікірі («Абай», №6, 2020 ж.) нағыз абайтанушы — жанашыр жанның сөзіндей оқылады. «Сөзімен дем беретін, қисайсаң — түзететін, алдасаң саликалы ой, сарабдал сөзімен жол көрсететін, Алла тағаланың қазақ халқының бағына берген кеменгер, дана, Хакім Абаймыздың рухы риза боларлықтай не істеп, не тындырдық. Жинақты құрастырушыларды көптен бері мазалап, көкейде жүрген ой осы болатын» дей келіп, әр туындыға тоқталып, талдап, зерделі қаламгер ретінде пікір білдіреді. Онан бөлек, өзінің өмірде Ай тұтқан адамы — ұстаз, ағартушы Мәриям Хакімжанова жайлы «Өлеңмен өріп өмірім», Сәбит Мұқановтың жары Мәриям апаймен жүргізген сырлы сұхбаты, елім деп еңіреп өткен дара тұлға «Халел Досмұхамедов туралы бірер сөз» атты проблемалық макаласы, толғақты мәселелер жөнінде ой толғаған «Әліпби тағдыры: бүгін және ертең», «Жұтқан ауа жаңға дауа ма?», т.б. көптеген макалалары республикалық «Ақиқат», «Абай» журналдары мен «Семей таңы» газетінде жарияланды. Оның ыстық ұясы — өзінің «Абай» журналы болса, қаламын шындап, қанат қақтырған ошағы — «Ақиқат» журналы. Ол — Қазақстанның құрметті журналисі.

Сонымен, осы «екі жақсы — бір бүтін» бүгіндері жетінші ондықтың есігін тықылдатып тұр екен. Бұлардың өмір есігі әрдайым айқара ашық, жібек баулы кілттері қолында, ескі құлыптау дегенді білмейді. Иә, көкіректе жатталып қалған Есениннің Анна Снегинасы арамызда жүр. Ол — өмірге қабақ шытпай қарайтын өзіміздің Райхан. Әдеби кеіпкерді осылай іздейтін әдетіміз бар. Бізді бұған Есенин үйретті. Есенинге не дерсін.



Қуандық ТҮМЕНБАЙ





Менің балалық шағым Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Қабанбай ауылында өтті. Көпбалалы отбасында тәрбиелендім, тоғыз баланың ең кенжесімін. Үйімздің сүт кенжесі болғандықтан, ата-анам ерекше еркелетіп өсірді. Бар жақсысын аямады. Біздің бала кезіміз өте қызықты өтті. Октябрыт та, пионер де болдық. Ол кездегі бала күнді қазіргімен салыстыруға келмейді. Себебі таннан кешке дейін уақыт ұзақ. Қазір таң атса, жылдам кеш батады ғой. Ол кезде таннан кешке дейін ойын ойнаймыз. «Жеті қалбыр»,



Әсемгүл ҚАЛИХАНҚЫЗЫ,
«Қуыршақ» мемлекеттік театрының актрисасы:

Октябрыт та, пионер де болдық



«Бес тас» деген ойындар бар. Оның бәрі қолдан жасалынады, ешқандай ойыншық сатып алмайсың. Босаған қалбырлардан жеті қалбыр қойып жасайсың, жердегі тастан бесеуін теріп алып, оларды жуып, майлап, әдемі етіп жылтыратып содан «Бес тас» ойнап, жарысамыз.

Мен кішкентайымнан тәуекелшіл едім. Бір нәрсені ойыма алсам, соған жетпей қоймайтынмын. Үйде ағамның жасыл велосипеді болды, соны тебуді үйренейін десем, аяғым жетпейді. Ортасына аяғымды салып, қисайып алып теуіп көшенің бойында ары құлаймын, бері құлаймын. Сөйтсем, жанымдағы туыс әпкем «санап отырмын, сен он үш рет құладың, не деген қайтпайтын

адамсың»,— дейді. Сөйтіп тіземді қанатып жүріп, әйтеуір, велосипед тебуді үйреніп алдым. Енді оны зырылдатып теуіп жүргенде атқа қызықтым. Әкем жұмыстан келіп атын суытатын уақытты күтіп жүрмін. Әкем үйге кірісімен, байлаулы тұрған атты мініп қақпадан шығып кеттім. Атым ауылдан біраз ұзап кетті. Оның үстіне шөңкілдек итін дауысынан үріккен атым дес бермей, үстінен ұшып түстім. Жылайын десем, жан-жағымда ешкім жоқ. Тізем қанаған екен. Әріректе жайылып тұрған атыма жайлап мініп, қайтадан үйге қайттым. Қақпадан кіре сала, есік алдында күтіп тұрған анамды көріп жылап жібердім. Оған дейін шыдап-ақ келіп едім.

Біздің ауыл Алакөлдін тура жанында орналасқан. Кішкентай кезімізде көлге бару үшін түрлі сылтау айтып, үйден шығамыз. Ата-анамыз көлге жіберуден қорқады, көл деген терең ғой. Ақырында малтуды үйреніп, кейін балықша жүзетін болдық. Ол кезде Алакөлде ешкім жоқ, тек космонавтар ғана, радиациядан арылу үшін арнайы келіп түсетін.

Негізі, біздің отбасымыз өнерлі. Әке-шешем де ән айтады, домбыра тартады. Біз отбасылық ансамбль болғанбыз. Концерт болса, отбасымызбен оркестр болып шығатынбыз, жеңгем прима тартады, қалғандарымыз әр түрлі аспаптарда ойнаймыз. Кішкентай күнімнен ән айтатынымын, барлық байқауларда бас жүлде алушы едім. Өнерге де жастайымнан жақын болдым. Мектепті тәмамдап, жоғары оқу орнын тандағанда ата-анам Алматыдағы «Өнер» академиясына барғым келетінін айттым. Семейде

Қуыршақ театрында істеп жүргеніме биыл 19 жыл болыпты. Бұл салаға келгеніме қуанам, түсіне білген адамға өте биік өнер. Себебі біз балаларды тәрбиелейміз, олар келгенде бізге сенеді, оларға түлкі деген қу, қасқыр деген аңқау деп ауызбен айтқаннан гөрі, сахнаға шыққан кезде олар өздері түсініп алады. Балалардың эмоциясы,



қуанғаны біз үшін керемет сезім, оны айтып жеткізу мүмкін емес. Спектакльды ойнаған кезде жанымызды салып ойнаймыз, сол кезде ғана жақсы дүние шығады. Кейде драманы бітірген жас балалар келеді, «өй, қиын ба, сол» деп.



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Бүгінде қатысушыларымыз қолына қалам алып, өздерін толғандырып жүрген ой-толғамдарын жазуға төселіп келеді.

Күрсқа Алматы облысының орталығы Қонаев қаласынан қатысушы Бақкелді Ұпан Қапшағай көлі туралы ойын жолдаса, тағы бір қатысушымыз Дәулет Досымбаев ер қанаты саналған жылқы жануарына жақындығын айтып берді.

Қапшағай көлін қажетке жарата алсақ

Бұрынғы Қапшағай, қазір Қонаев деп аталатын қала. Алматыдан алпыс шақырым шағай жатыр. Мен осы қалада, жаңадан бөлінген Алматы облысының орталығында тұрамын, жұмыс істеймін. Алматы қаласындағыдай емес, мұнда көдімгідей тыныш, кешеде көлік көптелісі деген болмайды. Облыс орталығына айналғалы бері жұмыс орнын ауыстырғандар орнығып, халық та артып келеді.

артады. Биылғы шілденің шілінгір ыстығында құмға қыздырынып, суға шомылушы халық Қапшағай көліне қарай ағылды. Адамдар легі әлі де толастар емес. Осындай тамаша табиғатты, әсем көлді таза ұстап, айналасын тал-дарак егіп, туристік нысандар бой көтерсе, қаламыз әлі де көркейе түсетіні белгілі.

Қапшағай жағажайының құмы да керемет ыстық. Күнге қыздырынып, суға сүнгіп шықсаныз, сергисіз. Осындай жауһарымызды күтіп ұстау, тазалығын сақтауды әркім өзінен бастаса дейсін. Өйткені демалушылар кеткеннен кейін олардың жайғасқан жерлеріне



Қапшағай көлінің айналасын туристік орындарға айналдырса, қаланың экономикалық әлеуеті де артатыны белгілі. Өйткені қазір жаз мезгілі, суға шомылу маусымы әлі де қызып тұр. Алматы қаласынан аса бір қашық болмағандықтан да, мегаполис тұрғындары аптап ыстықта осы көлге қарай ағылады. Өкінішке қарай, тыйым салынған, шомылуға болмайтын белгі такта орнатылғанына қарамастан, адамдар көлге түсіп, соны қайғылы оқиғалармен аяқталып жатыр.

Қапшағай көлінің табанын тазалап, жағалауын жақсартып, туристердің демалуына барлық жағдай жасалса, жазғы маусымда көлге ағылушылардың қатары

тастап кеткен қалдық заттары шашылып, жел ұшырып жатады. Сондай жайсыз көріністі көргенде қарның ашады.

Быттырғы жылдың өзінде пандемиялық шектеулер кезінде туристер көптеп келді. Биыл демалушылардың саны тіпті де арта түсті.

Келешекте Қапшағай көлінде балық өсіруді де қолға алса, ірі зауыттар салынса, жергілікті тұрғындарға да тұрақты жұмыс табылатын еді.

Баккелді ҰПАН,
III топтағы мүмкіндігі шектеулі жан,
Қонаев қаласы

Жылқы - менің жан серігім

Менің туып-өскен жерім – Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылы. Балалық шағымнан осы ауылдық округке қарасты бұрынғы Октябрь, қазіргі Қолтықбастау ауылында өстім. Ес білгеннен жалын тартып мініп, жылқыға жақын болғандығымнан да шығар, бүгінде атқа мінбесем, бір түрлі боламын. Күндөлікті мал қайыруды, басқа да жұмыстарды ат үстінде жүріп атқару өте тиімді.

Ауданымызда болатын түрлі ат бөйгелерін барып тамашалағанды, ұлттық ойынымыз көкпарды қызықтағанды жақсы көремін. Әсіресе, бөйгенің жөні бөлек. Көмбеге қарай қою шанды бұрқыратып жүйтіккен жүйріктердің шабысы қандай керемет. Үстіндегі шынашақтай шабандоз балалар да кикү қосып, қамшысын



үйіре айқайлағанда арқа басың шымырлап, дөлебең қозады. Атбөгілердің уайымнан торығып, үміт пен күдік арпалысқа түскен сәттегі жағдайын тек жылқы малын жақсы түстеп-танитын, тілсіз болғанымен де естілігімен иесіне серік бола алған жануардың жайын ұғатын жандар ғана түсінеді. «Адам түсініскенше, жылқы кісінескенше» деген сөз бекер айтылмаған. «Мінсең — көлік, саусаң — сусын» дейтін жануардың бітімі де, мінезі де бөлек қой. Мен де ат үстінде жүргенде арқаланып кетемін.

Дәулет ДОСЫМБАЕВ,
II топтағы мүмкіндігі шектеулі жан

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1088; Бағасы келісім бойынша Таралымы — 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.</i> <i>Jas qazaq газеті «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	---	--	--